

МАҚСАТ –  
ЖЕМҚОРЛЫҚТАН  
ТАЗА ҚОҒАМ ҚҰРУ

2-бет

АЗАТ ПЕРУАШЕВ  
РЕСЕЙ СІМ РЕСМИ  
ӨКІЛІНЕ ЕСКЕРТУ  
ЖАСАДЫ

4-бет

КӘСІПКЕРЛЕРДЕН  
ЗАҢСЫЗ АЛЫНҒАН  
ҚАРЖЫ ИЕЛЕРІНЕ  
ҚАЙТАРЫЛСЫН

5-бет

# ҚАЗАҚҰНИ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ АПТАЛЫҚ

www.qazaquni.kz

qazaquni2000@gmail.com

2000 жылғы 11 тамыздан шыға бастады

№41 (1016) 10.10.2022 жыл

## ЕЛ мен ЖЕРДІ САҚТАУ, ТІЛДІ САҚТАУ – ЕҢ БАСТЫ МАҚСАТЫМЫЗ!



### АТЫМТАЙ ЖОМАРТ АЙНҰР

...Айнұрдың жиырма бес жасында өзі алғалы тұрған үйді біреуге бергенін естігенде қатты таңырқағаным еске түсті. Батыр Бауыржанның өзіне тиісті пәтерді солдаттың анасы деп орыстың кемпіріне сыйлағанын оқитын едік. Мұндай мәрттік екінің бірінің қолынан келе қоймайтын шығар. Меценатпен әңгімеміз «осындай ерлікке қалай бардыңыз» деген сұрақтан басталды.

8-9  
бет



3  
бет

Біз, «Ақ жол» партиясының мүшелері, халық игілігі мен ұлт мүддесіне сай мықты ұстанымы, сенімді стратегиясы бар, Әділетті Қазақстанды құруға батыл бағыт алған тура жолды таңдаймыз! Саяси бағдарламасы «Түбегейлі өзгерістер қажет» деп аталған «Ақ жол» партиясы талай жылдан бері талмай көтеріп келе жатқан көптеген өзекті мәселелер Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың биылғы Жолдауларында алғаш рет атап көрсетілді. Яғни, саяси жүйе өзгермей, еліміздің алдында тұрған өткір әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешу, нарықтық экономика мен әділетті бәсекелестікті дамыту мүмкін емес екеніне көзіміз жетті. Сол проблемалардың кілті осы саяси реформада жатыр. Сондықтан да біз, «Ақ жол» партиясы бағдарламасының басым бағыттарына Жолдауда өмірге жолдама берген Президентіміздің саяси реформаларды іске асыруын қолдап, Ақ жол тілейміз.

## БОСҚЫНДАР МА, ҚАШҚЫНДАР МА?

КЕЛІМСЕК РЕСЕЙЛІКТЕРГЕ ҚАНДАЙ БАҒА БЕРУГЕ БОЛАДЫ?

Біздің билік тарапынан әзірге нақты шешім айтылған жоқ. Олар алдымен халық-аралық келісімдерді алға тартып, орыстар уақытша келгендер деп халықты тыныштандырмақшы. Ал кейбір білгіштер осы шетел азаматтарының арасынан қазіргі Қазақстан өндірісіне аса қажет, техникалық, IT саласының мамандары болса ел экономикасына пайдасын тигізеді деп ақыл айтуда.

3  
бет

## К.ТОКАЕВ ВЫДВИГАЕТСЯ ОТ НАРОДНОЙ КОАЛИЦИИ

Нынешние выборы президента в Казахстане пройдут в самых экстремальных геополитических условиях за последние десятилетия – в условиях крупномасштабной войны в Украине, санкционной войны Запада против России и Беларуси, реформирования прежней системы международных отношений.



## АЛАШТЫ СҮЙГЕН ТҮРІКПЕН

6  
бет

11  
бет



## МАҚСАТ – ЖЕМҚОРЛЫҚТАН ТАЗА ҚОҒАМ ҚҰРУ

Елімізде кезектен тыс президент сайлау науқаны күн өткен сайын қыза түсуде. Қоғамдық ұйымдар мен түрлі партиялар жиындарын өткізіп, өз кандидаттарын ұсынбақшы. Бүгінгі мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың кандидатурасын қолдау жөніндегі халықтық коалиция форумының өтуі соның бір айғағы. Форумда сөз сөйлеген ҚР Президенті өзінің стратегиялық мақсаты туралы айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев халықтың тұрмысын жақсартуға бағытталған өзінің сайлауалды тұғырнамасын жақын арада жариялайтынын айта келе «Еліміздің дамуына кедергі келтіріп отырған кеселдің бірі – сыбайлас жемқорлық. Онымен күресу – баршамызға ортақ міндет. Бұл бағытта кейінгі үш жылда біраз шаруа атқарылды. Мысалы, осын-



дай қылмысы үшін сотталғандарды мерзімінен бұрын шартты түрде босатуға тыйым салынды. Бұдан былай олардан қайтарылған қаражат мектеп салуға жұмсалады», - деді.

Президент жемқорлықпен күрес тиімді болу үшін мемлекеттік са-

тып алу жүйесіне бірқатар өзгеріс енгізілгенін атап өтті. «Сондай-ақ, құзырлы орган басшыларының жауапкершілігі артты. Бір сөзбен айтқанда, жемқорлықпен күрес ешқашан тоқтамайды, жалғаса береді», - деді Мемлекет басшысы.

## ЕҢБЕК АДАМЫНА – ЕРЕКШЕ ҚҰРМЕТ

Әділетті Қазақстанда еңбек адамы ең бірінші орында тұрады. Себебі, отаншылдық – ең алдымен туған елінің игілігі үшін қызмет ету деген сөз. Павлодар облысына жұмыс сапары аясында 85 жылдық тарихы бар Абай атындағы дарынды балаларға арналған гимназияда Президент осылай ой бөлісті.

«Мұғалім болу – ең абыройлы еңбек. Сонымен бірге, бұл – өте жауапты жұмыс. Ұстаздық – қасиетті қызмет десек те артық емес. Себебі, әр шәкірттің тұлға болып қалыптасуында ұстаздың

орны ерекше. Жастарымыздың отаншыл, әділ, адал және еңбеккер болып өсуіне ұстаздың қосатын үлесі орасан зор. Біз жастардың еңбекке құлшынысын арттыруымыз қажет. Әділетті Қазақстанда еңбек адамы ең бірінші орында тұрады. Себебі, отаншылдық, ең алдымен туған елінің игілігі үшін қызмет ету деген сөз. Ол үшін, әрине еңбеккер, іскер болу керек. Әркім өз болашағына өзі жауапты екенін жастар бала кезден терең ұғынып өсуге тиіс. Бұл идеялардың бәрін балалардың санасына міндетті түрде сіңіру керек. Ұлы Абай айтқан «Толық адам» ұғымы

– болмысы кемел, көзқарасы терең, көкірегі ояу, еңбеккер адам дегенді білдіреді. Халқымыз «Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы» деп бекер айтпаған», - деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Қасым-Жомарт Тоқаев қоғамдық және жеке құндылықтар жүйесін қайта жаңғырту керек екенін айтты. Президенттің айтуынша, біз ұлттық дәстүрлерімізді сақтай отырып, қоғамда прогрессивті ұғымдарды белсенді дәріптеуіміз қажет. Бұл – еңбеккерлік, білім, өзара сыйластық, ынтымақтастық, сенім, іскерлік, ұқыптылық, сыни ойлау сынды қасиеттер.

## СУИЦИДТІҢ АЛДЫН АЛУ КЕРЕК

Жыл сайын елде шамамен 4 мыңға жуық адам өз-өзіне қол жұмсап бақилық болып жатыр. Соңғы онжылдықтың статистикасы бойынша күн сайын суицидтің 16 дерегі тіркелсе, оның он бірі өліммен аяқталады. Ал 2019 жылдан бері өзіне қол жұмсағандардың 65 пайызы – ер-азаматтар екен.

Осындай ресми деректерді келтірген мәжілісмен Ерлан Смайылов осы көрсеткіш қоғамды алаңдатып отырғанын айтты. Өзіне қол жұмсайтындардың басым бөлігі 45-54 жас аралығындағы азаматтар. Бұл нағыз еңбектің ауыр жүгі артылатын кезең. Десе де зейнеткерлердің арасында да өзіне қол жұмсау дерегі басқасына қарағанда әлдеқайда көбейген. Сондықтан арнайы жоспар әзірлеп, онда дәрігерлердің көмегімен күйзелісті болдырмау жолын қарастыру керек дейді мәжілісмен. «Қиын тұрмыс жағдайы, ауыр науқастар мен жалғыздық суицидтің негізгі себептері ретінде толық зерттелуі керек. Өзіне қол жұмсау деректерін ескеріп, ұлттық жобаларға өзгеріс енгізу де қажет деп ойлаймыз. Осы себеппен өлім-жітімнің көбейгенін назарға ала отырып, суицидтің алдын алуға ұлттық стратегия әзірлеу қажет» - деді депутат.



## АҚЫҢ АТЫНДАҒЫ КӨРКЕМСӨЗ БАЙҚАУЫ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ

Атырауда Құрманғазы атындағы мәдениет сарайында әнұран авторы, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, қазақтың көрнекті ақыны Жүмекен Нәжімеденов атындағы «Елім менің!» көркемсөз оқу шеберлерінің республикалық байқауы өтті.

Оған еліміздің әр өңірінен 18-35 жас аралығындағы 13 үміткер қатысты. «Жүмекен Нәжімеденов осы өңірдегі Қошалақ топырағында дүниеге келген. Өзінің жалынды жастық шағын Алатаудың баурайында өткізген ақын туған жерге деген сағынышын әркез жырына арқау етті. Оның жырларынан тағылым мен тәрбиенің, адалдық пен отансүйгіштіктің терең

мәнін аңғаруға болады. Жүмекен шығармаларын терең зерттеп, кейінгі ұрпаққа насихаттау – біздің борышымыз, - деді облыс әкімінің орынбасары Жасұлан Бисембиев.

Байқауға қатысушылар Жүмекен Нәжімеденовтің поэзиялық және прозалық шығармаларынан үзінді оқыды. Мәтінді жатқа оқуға 5 минут уақыт берілді.

Қазылар алқасы қатысушыларды оқу шеберлігі, дауыс мәнері, тіл тазалығы, көркем мәтінді тандау және сахнада өзін-өзі ұстауы талғамына сай бағалады.

Байқау қорытындысымен бас жүлдеге алматылық Аршын Нұрбақыт лайық деп танылды. Түркістандық Ержан Жолдасов екінші, Батыс Қазақстан облысынан қатысқан Бекзат Васихан үшінші жүлдеге ие болды.

## КИБЕРШАБУЫЛ КӨБЕЙІП КЕТТІ

Қазақстанда бір айдың ішінде 20 млн-ға жуық кибершабуыл жасалған. Бұл туралы «Мемлекеттік техникалық қызмет» АҚ мәліметінде айтылған.



«Елімізде болып жатқан кибершабуылдарға тойтарыс беру жұмыстары жалғасып жатыр. Бүгінгі таңда қауіптерді азайту үшін барлық желілік трафикті талдау және әрбір пакетті тексеру жұмыстары жүргізілуде. Кибержалқан зиянды лауазимдеріне ие болу бағдарламаларды сүзу арқылы ішкі және сыртқы периметрлік шабуылдарға төтеп беруде. Бір айдың ішінде 20 млн-ға жуық кибершабуылға тойтарыс берілді», - делінген ұйымның хабарламасында. «Мемлекеттік техникалық қызметтің» болжамынша, еліміздің қауіпсіздік жүйесіне кибершабуылдардың үдеуі Қазақстандағы сайлау кезеңінің басталуымен байланысты болуы мүмкін. DDoS шабуылдары үшін

бүкіл әлем бойынша таралатын ботнет деп аталатын вирус жұтқан компьютерлер мен IoT құрылғыларының желілері қолданылған. Қазіргі уақытта Cybershield күшейтілген режимде жұмыс істейді. Оқырмандарға түсінікті болу үшін айта кетсек, DDoS шабуылы – бұл белгілі бір интернет-ресурсқа немесе интернет сегментіне ретсіз сұраныстар түріндегі арнайы бағытталған қуатты трафик ағыны. Шабуыл нәтижесінде Интернетке қол жеткізу қиындайды немесе ол мүлдем жұмысын тоқтатады.

### 2022 ЖЫЛҒЫ 20 ҚАРАШАДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУЫ ӨТЕДІ

#### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТТІГІНЕ КАНДИДАТТЫ ҚОЛДАП ҚОЛ ЖИНАУ

Президенттікке кандидатты қолдау үшін:
Сайлаушылардың кандидатты қолдауы олардың қол жинауы арқылы расталады.
Президенттікке кандидатты облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және Республика астанасының кем дегенде үштен екісінің атынан теңдей өкілдік ететін сайлаушылардың жалпы санының кем дегенде бір проценті қолдауы тиіс.
Қол жинауды сенім білдірілген өкілдер ұйымдастырады және қол қою парақтарымен ресімдейді
Кандидаттың талаптарға сәйкестігін тексергеннен кейін Орталық сайлау комиссиясы екі күннен кешіктірмей қол қою парағының үлгісін бекітеді.
Әрбір қол қою парағының рет нөмірі болуы тиіс. Сондай-ақ параққа кандидаттың тегі, аты, әкесінің аты мен оған сенім білдірген адамының қолы, қол жинаушының тегі, аты, әкесінің аты, қол жинаған елді мекеннің атауы және қол қойған адамдар туралы мәліметтер енгізілуі тиіс
Қол жинаушы адам жұмыс барысында кандидаттың сенім білдірген адамының тіркелгені туралы куәліктің көшірмесін көрсетуге тиіс.
Толтырылған қол қою парақтары аумақтық сайлау комиссияларына тапсырылады.
Аумақтық сайлау комиссиясы қойылған қолдардың растығын 5 күн ішінде анықтайды, тиісті хаттаманы рәсімдейді және оны Орталық сайлау комиссиясына жолдайды.
Қойылған қолдардың дұрыстығын тексеру Президенттікке кандидатқа қажетті нақты қойылған қолдар саны анықталғанға дейін жүргізіледі.

#### САЙЛАУШЫЛАР ТІЗІМДЕРІНЕ ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

- ✓ Сайлаушылар тізімдеріне Республиканың белсенді сайлау құқығы бар және тиісті сайлау учаскелерінің аумағында тіркелген азаматтар енгізіледі.
- ✓ Әрбір азамат тұрғылықты жеріне қарамастан тиісті жергілікті атқарушы органда сайлаушы ретінде тіркелуге құқылы.
- ✓ 2022 жылғы 20 қазанға дейін сайлаушы тұрғылықты жері бойынша учаске тізіміне енгізу үшін тиісті әкімдікке өтініш беруге құқылы.
- ✓ Тұрақты тіркеуі жоқ азаматтар орналасқан жері бойынша әкімдіктерге берілген жазбаша өтініш негізінде тізімдерге енгізіледі.
- ✓ Азамат сайлаушылардың бір ғана тізіміне ене алады.
- ✓ Сайлаушылар тізіміне енгізуді тексеру немесе тізімге енгізу үшін қайда жүгіну қажет екенін тиісті әкімдіктің сайты немесе Call-орталығы арқылы ақпарат ала алады.
- ✓ 2022 жылғы 4 қарашадан бастап азаматтарға белгілі бір учаскедегі сайлаушылар тізіміндегі өздері туралы деректерді тексеру мүмкіндігі беріледі.

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы



Әлемде орын алып жатқан геосаяси жағдайлардың байыз табатын түрі жоқ. Соғыс оты шарпып, саяси тұрақсыздық титықтатқан Африка мен Таяу Шығыс және жер шарының өзге де бөлігінде орналасқан, аштық пен өлім қатерінен бас сауғалаған босқындар мұхит асып Америкаға, теңіз кешіп Еуропаға ағылғаны белгілі. Енді міне Ресей мен Украина арасындағы соғыс та соның жалғасы болып отыр. Оның зардабы соғысып жатқан мемлекеттерге ғана емес көрші елдерге де кесірін тигізуде. Оны біз де анық сезіне бастадық.

басым бөлігі Алматы мен Астанада және Ресеймен шекаралас облыс орталықтарында тұрады. Келімсектердің есебінен халықтың санының күрт өсуі онсыз да өз тұрғындарын баспанамен, тұрақты жұмыспен қамти алмай отырған біздің мемлекетімізге қосымша салмақ салып, экономикалық, әлеуметтік-тұрмыс жағынан көптеген қиындықтар тудыратыны сөзсіз. Сондықтан да бұл жағдай көпшілікті аландатып отыр. Ол да негізсіз емес. Ресейліктердің келуімен бағалар қымбаттап, елдегі тұрмыстық жағдайдың күрделене түскені жайлы әлеуметтік желіде күнделікті жазылып жатыр. Әсіресе баспана-

сұраққа филолог ғалым, ұстаз, сыншы Бейбіт Исхан: «Жоқ, бұл сөздердің түбірі – «босу», «қашу» етістіктері. Әрқайсының өзіндік лексикалық мағыналары бар. Сол себептен «босқын» да, «қашқын» да екі түрлі мағына білдіреді. Мағыналас, яғни синонимдес сөздер болуы үшін аздаған стилдік айырмашылығы бар, бірақ мағыналары бірдей болулары керек. «Босу» сөзі бір жерге тұрақтамай, екінші бір жерге ауып кетуді білдірсе, «қашу» бірдененен түрлі себепке байланысты аулактануды білдіреді. Атамекенінен бір қиындық көріп, басқа елге ауған жұртты – босқындар дейді. Олар барған жерлеріне

• Дүбірлі дүние

## РЕСЕЙ мен ҚЫТАЙ СОЛТҮСТІК КОРЕЯНЫ ҚОЛДАЙДЫ

АҚШ БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің Отырысында Ресей мен Қытайды Солтүстік Кореяға қолдау білдіріп отыр деп айыптады. Себебі қос ел Пхеньянға қарсы санкцияларды қатандатуға қарсы шықты.

Басқосуда Солтүстік Кореяның кезекті рет баллистикалық зымыранды сынауы талқыланған еді. Бірақ Ресей мен Қытай veto қолданып, Кеңестің 9 мүшесі Пхеньяның әрекетін айыптайтын бірлескен мәлімдеме қабылдаумен ғана шектелді.

– Солтүстік Корея Кеңестің екі мүшесінің қорғауын пайдаланып келеді. Бұл екі мемлекет Пхеньяның арандатушылық әрекетін талай мәрте ақтап, оған қарсы санкцияларды қатандатуға жол бермей отыр, – деді АҚШ-тың БҰҰ-дағы тұрақты өкілі Линда Томас-Гринфилд БҰҰ-ның қауіпсіздік кеңесінде сөйлеген сөзінде.

## ФРАНЦИЯДА ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ДАҒДАРЫС КҮШЕЙДІ

Бүгінгі күні Францияда энергетикалық дағдарыс ушығып тұр. Бензин тапшылығынан елдегі жанармай құю бекеттері жабылып жатыр. Ал сұраныс күннен күнге артуда. Мұнай-газ компанияларының қызметкерлері болса еңбек жағдайы жақсарып, жалақы көтерілмесе жұмысқа шығудан бас тартады. Тотал Энерджис компаниясының мамандары бір аптадан астам уақыт бойы наразылық акция ұйымдастыруда. Франция үкіметінің ресми өкілі Оливье Веран «Францияның бірнеше мұнай өндіру зауыттарында наразылық акциялар ұйымдастырылды. Оның тәртеуі Тотал Энерджис компаниясына тиесілі. Жағдайды бақылауда ұстап отырмыз. Жанармай құю бекеттерін қордағы бензинмен қамтамасыз етуге тырысамыз» дегеннен ертеңгі күнге сенім жоқ.

## АҚШ УКРАИНАҒА ӘСКЕРИ КӨМЕК КӨРСЕТЕДІ

АҚШ Украинаға қосымша 625 миллион долларға әскери көмек көрсетпекші. Бұл туралы президент Джо Байден Украина басшысы Владимир Зеленскиймен телефон арқылы сөйлескен кезде мәлімдеді.

Осылайша Вашингтон Киевке 4 Хаймерс зымыран кешенін, 32 зеңбірек, 200 әскери көлік және қару-жарақ жіберуді жоспарлап отыр. Сондай-ақ, Ақ үй басшысы Украинаның 4 аймағында референдум ұйымдастыруға қатысқан тұлғаларға санкцияларды күшейтетінін жеткізді.

– Бұл біздің өз еркіндігі үшін батыл күресіп жатқан Украинаға мызғымас қолдауымызды көрсетеді. Олар өздерінің егемендігі үшін жанқиярлықпен соғысып жатыр. Сондықтан біздің одақтастарымыз да мұндай қадам Украинаның өзін қорғау үшін өте маңызды көмек деп санайды, – деді Ақ үй баспасөз хатшысы Карин Жан-Пьер. Ал Мәскеу АҚШ-тың мұндай әрекеті Ресейдің НАТО-мен тікелей қатығысына әкеледі деп отыр. Бұл туралы Ресей Сыртқы істер министрлігінің Қару-жарақты таратпау және бақылау департаменті директорының орынбасары Константин Воронцов мәлімдеді.

2-3-бетті дайындаған  
Зейнолла ҚАБИОЛЛАҰЛЫ

# БОСҚЫНДАР МА, ҚАШҚЫНДАР МА?

## КЕЛІМСЕК РЕСЕЙЛІКТЕРГЕ ҚАНДАЙ БАҒА БЕРУГЕ БОЛАДЫ?

Ресейдің бұл саясатын әлем елдерінің басым бөлігі басқыншылық деп бағалағанмен, оған тоңмойын, билеп-төстеуге дағдыланған орыс билігі пысқырып та қарайтын емес. Сонау қақаған ақпанның 24-де басталған соғыстың қашан бітері де белгісіз. Ресейге батыс елдері мен АҚШ тарапынан салынған экономикалық санкциялар да маса шаққан құрлы әсер етпеген секілді. Бұл туысқан екі ұлт арасындағы соғысқа Ресей мен Украина ғана емес, өзге елдерді бір-біріне айдап салып, әлсіретіп, өздерінің әлемдегі ықпалын күшейтуді көздеген сыртқы империалистік пиғылдағы мемлекеттердің де жасырын, құйтырқы әрекеті бар екені түсінікті. Оны қазақта біреудің ортасын от көсеу дейді. «Екі сиыр сүйкенсе ортасын шыбын өледі» дегенді де осындайда айтқан болар қазақ атамыз. Қалай десек те, бұл соғыс Украина тұрғындары үшін сұрапыл қасіретке айналды. Қалалары қирап, есепсіз адам өліміне әкеліп соқтырды. Сөйтіп тып-тыныш жатқан елдің қарапайым халқы бар ауыртпалықты басынан өткеруде. Біріккен Ұлттар Ұйымының қыркүйек айының басына дейінгі мәлімдеген дерегіне Украина еліндегі 44 миллион халықтың төрттен бір бөлігі шетелге асып, Еурапаның жақын және алыс мемлекеттеріне бас сауғалап кеткен екен. Демек, кем дегенде он миллионнан астам ешқандай жазығы жоқ жандар өзгелердің есігінде, жат жұртқа тәуелді боп жүр деген сөз. Оның ішінде күшқуаты кеміген қариялар мен жас балалар да бар. Мына дамыған, адамзаттың ақыл-ойы толысқан 21 ғасырда орын алып отырған бұл жағдай ақылға мүлдем қоныссыз көрініс екені белгілі. Осыған қарап «Адамзаттың айуанға айналып бара жатқаны ма?» деген күдік те туындайды. Бұдан билік пен байлықты басты мақсат еткен мемлекет басшыларын қарапайым адамдарға құмырсқа құрлы көруден қалғанын байқауға болады.

Бұрындар экономикалық және саяси жағынан біртұтас кеңестік жүйеде, оған қоса еуразиялық одақ деген бұғаудағы елдер қатарында болғандықтан Ресей-Украина соғысының салқыны бізге де әсер етпей қоймады. Бір жұмада Украинаны қалпақпен ұрып аламыз деген Ресей басшылары оңбай қателесті. Сөйтіп өз елінде соғысқа жіберетін сарбаз таппай, ішінара жұмылдыру (мобилизация) жариялауға мәжбүр болды. Ал қарапайым халық соғысқа қашан да қарсы, өйткені бұл соғыстан оларға келер пайда жоқ, керісінше қатері мол. Сондықтан да ресейлік әскер жасындағы азаматтар өз елінен қашып, көрші мемлекеттерге жасырынуды бастады. Оның ішінде қашқан қандай көптеп келуде. Қазақтың кенпейілді, қонақжайлы ұлт екенін олар жақсы біледі. Ішкі істер министрлігінің соңғы деректері бойынша, біздің елімізге 200 мың адам Ресейден келген екен. Бұл қазір облыс орталығы болып отырған Жезқазған қаласы тұрғындар санынан асып түседі. Министрліктің деректері рас болса, оның 140 мыңы елімізден шығып, өзге мемлекеттерге кеткен. Біздің Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметі бойынша, жалпы бүгінде елімізде 350 мың Ресей азаматтары тұрақты тұрып жатқан көрінеді. Олардың

ларын жалға берушілер өз қазақтарын қуып шығып, келімсек орыстарға екі-үш есе қымбат баға беруі халықты ашу-ызысын тудыруда. Ол аздай, отқа май құйғыш біреулер қазақ қыздары осы келген орыстарға ақша үшін тұрмысқа шығуға дайын екендіктерін жазып, жағдайды одан сайын өршіте түсті. Келмей жатып заң бұзған орыстар мен жергілікті тұрғындар арасында қатығыс та орын алғаны айтылып жатыр.

Біздің билік тарапынан әзірге нақты шешім айтылған жоқ. Олар алдымен халықаралық келісімдерді алға тартып, орыстар уақытша келгендер деп халықты тыныштандырмақшы. Ал кейбір білгіштер осы шетел азаматтарының арасынан қазіргі Қазақстан өндірісіне аса қажет, техникалық, IT саласының мамандары деп ел экономикасына пайдалы тиізіледі деп айтуда. Сол ақылдар біздің өз ұлтымыздан шыққан неше түрлі білікті мамандар әсіресе жастар шетелге кетіп қалғанын, әлі де кетіп жатқанын мүлдем ескермейтін сияқты. Шетелдерге кетуге мәжбүр болған мамандарымыз АҚШ, Германия, Оңтүстік Корея сияқты дамыған елдерде қалып қалғанын, әлі де кетіп жатқанын мүлдем ескермейтін сияқты. Шетелдерге кетуге мәжбүр болған мамандарымыз АҚШ, Германия, Оңтүстік Корея сияқты дамыған елдерде қалып қалғанын, әлі де кетіп жатқанын мүлдем ескермейтін сияқты. Шетелдерге кетуге мәжбүр болған мамандарымыз АҚШ, Германия, Оңтүстік Корея сияқты дамыған елдерде қалып қалғанын, әлі де кетіп жатқанын мүлдем ескермейтін сияқты. Шетелдерге кетуге мәжбүр болған мамандарымыз АҚШ, Германия, Оңтүстік Корея сияқты дамыған елдерде қалып қалғанын, әлі де кетіп жатқанын мүлдем ескермейтін сияқты.

Осы тұста көтерген әңгімеміздің тақырыбына орай, бізге ағылған ресейліктердің мына тірлігіне саяси баға беріп, олардың әлеуметтік мәртебесін анықтап алу керек дер едік. Мысалы, өзіндік саяси баға беріп, олардың әлеуметтік мәртебесін анықтап алу керек дер едік. Мысалы, өзіндік саяси баға беріп, олардың әлеуметтік мәртебесін анықтап алу керек дер едік. Мысалы, өзіндік саяси баға беріп, олардың әлеуметтік мәртебесін анықтап алу керек дер едік.

«Босқын мен қашқын синоним сөздер, екеуінің мағынасы бір» – деген дәлел айтып, қызыл өңеш болғандар да бар. Босқын мен қашқын синоним бола ала ма деген дәп осы

тұрақтап та қалмайды. Ал қашқындардың жөні бөлек» – деп жауап берген екен. Белгілі тіл маманының пікірінен кейін бұл мәселеде ешқандай талас, түсінбеушілік болмайды деп ойлаймыз.

Мақала барысында елінен қашқандарды сатқын деп те қалдық, бұл бәлкім артық кеткендік болар. Өйткені олардың арасында жеке басының қауіпсіздігін ғана ойламай, туысқан украин халқына қару көтергісі келмейтіндер де, идеялық ұстанымы бойынша қан төгіске түбегейлі қарсы азаматтар да бар шығар.

Сатқындық дегеннен шығады, жауға шабар шағындағы жастарының шетелге қашуын Ресей билігіндегілердің өздері қалай бағалайды екен? Ресей Федерациясының заңдарында бұл туралы баптар бар ма? Интернеттегі аштық жарияланымда Ресей Федерациясы Қылмыстық Кодексінің №328 бабының бірінші тармағы бойынша әскери қызметке шақырылудан ешқандай негізсіз жалтарғаны үшін 200 мың рубль немесе айлық табыс көлемінде айыппұл салынады. Сол сияқты 18 ай бойғы табыстарынан қағып, 2 жыл зек сүзуші алатын қазалар алынып, екі жылға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін екен. (в ред. Федеральных законов от 08.12.2003 N 162-ФЗ, от 07.03.2011 N 26-ФЗ, от 07.12.2011 N 420-ФЗ)

Демек осындай қатаң заңның бар екенін біле тұра адамдар өз елінен қашып жатыр. Оларды заң бойынша азаматтық міндетін орындамағаны, әскерге барудан жалтарғандары үшін үкімет жауапқа тарту керек емес пе? Бірақ ондай іс-қимыл Ресей тарапына байқалмайды. Опасыздық, сатқындық деп бағаласа өзге елге қашқандардың сонынан сұрау салып, адамдарымызды өзімізге қайтарындар, заң бойынша жазалаймыз деп неге талап етпейді? Жүздеген мың адамдары кетіп жатса да Ресей билігінің көптеген ойларға жетелейді. Бір қарасаныз, осы жағдайды пайдаланып адамдарын біздің елге жайғастыру жоспарын іске асырып жатқан да секілді. Сондықтан сыртқы және ішкі арам пиғылдылардан абай болуымыз керек. Еркіндікті жүздеген жылдар бойы аңсап келген қазақ ұлты үшін – Тәуелсіздігіміз бәрінен қымбат, ешқандай баға жетпес құндылық. Бізде бір-ақ Отан бар, ол – атадан балаға мұра боп жеткен қасиетті қазақ жері. Оны көзіміздің қарашығындай сақтау бәріміздің міндетіміз.



# «АҚ ЖОЛ» ПАРТИЯСЫ ПРЕЗИДЕНТ САЙЛАУЫНДА ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ КАНДИДАТУРАСЫН ҚОЛДАЙДЫ

Астана қаласында «Ақ жол» демократиялық партиясының ХІХ құрылтайы өтті. Құрылтайға «Ақ жол» басшылығы, партия ұлттық кеңесінің мүшелері, өңірлердегі филиалдарының делегаттары, жастар қанатының мүшелері қатысты.

Құрылтайдың күн тәртібінде алдағы президенттік сайлауға партияның қатысуы, партия атынан түсетін үміткерді анықтау мен президенттік сайлаудағы бағдарлама мәселесі қаралды.

Жиынның ашылу рәсімінде сөз сөйлеген «Ақ жол» лидері Азат Перуашев құрылтайға келген барша делегаттарға алғыс айтып, күн тәртібіндегі мәселеге жіті тоқталды.

— Біз партияның кезектен тыс құрылтайына жиналдык. Шақыру туралы шешімді партияның Ұлттық кеңесінің президиумы биылғы жылдың 27 қыркүйегінде қабылдады. Өңірлерден өкілдік ету нормалары бекітілді, барлық филиалдарға партия конференцияларын өткізу тапсырылды. Конференциялар уақытылы өткізіліп, құрылтайға 126 делегат сайланды. Барлығы тіркелді. Кворум бар, — деді Азат Тұрлыбекұлы.

Партия төрағасының ұсынысымен құрылтай делегаттары алдымен жұмыс президиумын, секретариатын, мандаттық және есептік комиссиясын сайлады.

Дауыс беру нәтижесінде президиумға партия төрағасы



Азат Перуашев, Дания Еспаева, Қазыбек Иса, Дмитрий Васильев, Ерлан Барлыбаев, ал, мандаттық комиссияға Олжас Нұрәлинов, Гүлмайса Шаңбаева мен Қызылгүл Атығаева сайланды.

Негізгі мәселе партиямыздың атынан президенттік сайлауға түсетін үміткерді анықтау. Шынын айтқанда, кешегі Ұлттық кеңестің отырысында плерум мүшелері бір келісімге келе алмады. Президенттік сайлауға қатысу мен үміткерді ұсыну туралы шешімді тек партия құрылтайы ғана қабылдайды. Партия құрылтайы қандай шешім қабылдап, кімді ұсынуды шешсе, барлығымыз бір атаның баласындай соған қызмет етуге тиіспіз. Ұйымымызға күш беретін ол — ауызбіршілік, — деген Азат Перуашев барша партияластарын

құрылтай шешімін құрметтеп, қолдау жасауға шақырды.

«Ақ жол» басшысының айтуынша, президенттік сайлауға түсуге 6 кандидат өтініш білдірген. Оның бірі ірі кәсіпкер, партия мүшесі болмағасын ұсыныла алмаса, екеуі өз еркімен үміткерліктен бас тартты.

Нәтижесінде партия атынан алдағы президенттік сайлауға өзін үш бірдей кандидат ұсынды. Олар: ҚР Парламент Мәжілісінің VII шақырылымдағы депутаты Серік Ерубай, «Время» газетінің тілшісі Сандуғаш Дүйсенова және «Ақ жол» демпартиясы Ақтөбе облыстық филиалының төрағасы Асқар Садықов.

Құрылтай барысында үш үміткер өздерін таныстырып, президенттік сайлауға түсудегі мақсаттарымен, ой-пікірлерімен бөлісті.

Сонымен қатар, әр өңірден келген құрылтай делегаттары да сөз алып, үміткерлерге қолдау көрсетті. Жиын барысында партия төрағасының орынбасары, Мәжіліс депутаты Берік Дүйсембинов те сөз кезегін алып, алдағы президенттік сайлауда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевты қолдайтынын айтты.

— Біз жан-жағымызда қырғи қабақ соғыс боп жатқан аласапыран заманда өмір сүріп жатырмыз. «Иттің иесі болса, қасқырдың Құдайы бар» дейді дана қазақ. Осы уақытқа дейін бір Алланың қолдауымен аман жетіп келдік. Осындай қилы кезеңде бізге мықты дипломат басшы керек. Коалицияға мүше болу арқылы алдағы сайлауда қазіргі президенттің кандидатурасын

қолдауға шақырамын, — деді Б.Дүйсембинов.

Мәжіліс депутаты Берік Дүйсембиновтің пікірін әріптес, «Ақ жол» партиясы Солтүстік Қазақстан облыстық филиалы төрағасының орынбасары Евгений Кинцель де қолдады. Алайда, партия өз құқығын сақтай отыра, алдағы сайлауда үміткеріне өз бағдарламасы мен өз ұстанымдарынан айнымай, саяси бәсекелестігін жүргізе береді.

Осы мәселеге қатысты партия төрағасы Азат Перуашев та өз пікірін білдірді.

— Коалицияны қолдау партия ұстанымдарына қарсы шығу емес. Керісінше, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың көптеген ұсыныстары «Ақ жол» партиясының бағдарламасымен үндес. Мен үшін ең маңыздысы, мемлекетке қызмет ету. Президенттің «Мықты президент, ықпалды парламент, есеп беретін үкімет» қағидасының өзі біздің талай жылдан бері айтып келе жатқан ұстанымдарымызбен ұқсас. Президент тек бір партияға емес, бүкіл ұлтқа қызмет етуі керек, — деді Азат Тұрлыбекұлы.

Қызу пікірталасан соң партия басшысы Азат Перуашев бір шешімге келу үшін құрылтай делегаттарын жасырын дауыс беруге шақырды.

Жасырын дауыс беруге 126 делегат қатысып, басым көпшілігі президент Қ. Тоқаевты қолдаған қоғамдық коалицияны жақтап дауыс берді.

«Ақ жол»:

## РЕСЕЙЛІКТЕРДІҢ ЕЛІМІЗГЕ КЕЛУІ ХАЛЫҚТЫ ҚАТТЫ АЛАҢДАТЫП ОТЫР

Ресейліктердің елімізге көшіп келіп жатқаны халықты қатты алаңдатып отыр. Бұл туралы «Ақ жол» фракциясының депутаттық сауалын Берік Дүйсембинов жариялады.

ҚР ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ  
Ә. А. СМАЙЫЛОВҚА

Қазақстан қай заманда да қысым көріп, өз елінен қашып, босқын болуға мәжбүр болған талай халықты өз басындағы қиыншылықтарға қарамастан, құшақ жая қарсы алып, аман алып қалғанына тарих куә.

Қазақстан Республикасы өркениетті ел ретінде, Ресей шекарасынан елімізге бас сауғалап, соғыстан қашқан Ресей азаматтарына, міне, тағы да пана болды.

Бұл гуманитарлық дағдарыс кезінде Қазақ еліне, Ішкі істер министрлігінің кешегі ақпаратты бойынша, 200 мың адам Ресейден келген, 140 мың адам елімізден шыққан. Ал, 30-қыркүйекте «Форбс» журналында жарияланған Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметі бойынша, жалпы бүгінде елімізде 350 мың ресей азаматы тұрақты тұрып жатыр. Өткен аптадағы көшіп келушілердің басым көпшілігі Астана мен Алматыға, шекара-рәлс облысы орталықтарына орналасты. Онсыз да ішкі миграцияның салдарынан тұрғындарының саны күрт өскен үлкен қалаларымызға инфраструктуралық және әлеуметтік-экономикалық қысым артауда.

Негізінен, әскер жасындағы Ресейлік азаматтардың біздің елімізге жаппай қоныс аударуы, бүгінгі посткеңестік ушыққан геосаяси жағдайда халқымызды қатты алаңдатып отыр.

Еліміздің басты байлығы — ол Тәуелсіздігіміз, жер тұтастығымыз, елдің

амандығы мен халқымыздың бейбіт өмірі. Әртүрлі себептермен біздің елімізге қоныс аударуға мәжбүр болған шетел азаматтарының арасына бүгін Қазақстан өндірісінде қажет, жетіспейтін техникалық, IT саласының және т. б. мамандар өз орындарын тауып, ел экономикасына пайдасын тигізіп, бір кірпіш болып қаланса, оған біз бизнес партиясы ретінде түсіністікпен қараймыз.

Алайда, олар Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына қалтқысыз бағынуға, тіліміз бен салт-дәстүрімізді құрметтеуге міндетті. Сондай-ақ, миграциялық дағдарысты пайдаланып, ел ішін арандатушылардың іс-әрекеттеріне де тосқауыл қойылуы тиіс.

Өкінішке орай, қазірдің өзінде еліміздің кейбір аймақтарында арандату оқиғалары бой көрсетуде. Қылмыстық істер қозғап, арандатушылардың алдын шұғыл алып жатқан құзырлы мемлекеттік органдарға ризашылығымызды білдіреміз.

Осы орайда, алдымен, Қазақстанда қанша Ресей азаматтары бар екенін нақтылап, жауап беруіңізді сұраймыз.

Сондай-ақ, «Ақ жол» партиясы Үкімет жедел түрде тиелі саяси шараларды қабылдап, мүдделі мемлекеттік органдарға төмендегідей тапсырма беруі тиіс:

— біріншіден, көшіп келушілердің Қазақстанда қалуға ниет білдірген азаматтары үшін; қалалар мен елді мекендерде бейімдеу орталықтарын ашып, бұл орталықтарда оларға:

— Қазақстан тарихымен, мәдениеті мен тұрмыс-салтымен, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпымен таныстыру; Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын түсіндіріп, құқықтық кеңес

беру; қазақ тілі курстарын ашу және әрбір көшіп келген шетел азаматын бейімдеу орталығынан өтуді міндеттеу;

— екіншіден, әрбір қоныс аударушының қос азаматтық фактісі бойынша тексеру және нәтижесі бойынша тиесілі құқықтық шара қолдану;

— үшіншіден, ақпараттық қауіпсіздікті қатаң бақылап, яғни, әлеуметтік желілерге, келушілердің чаттарына контент сараптама (Facebook, Tik-Tok, Telegram, Instagram, V Kontakte и т. б.) мен мониторинг жүргізіп, ұлттық қауіпсіздікке қауіп төндіретін және мемлекетіміздің жер тұтастығына, тәуелсіздігімізге күмән келтіретін жазбалардың авторларын ерекше қадағалауға алып, ондай іріткі салушыларды қатаң жауапкершілікке тартып, оларды елден шұғыл аластау қажет деп санайды.

Иә, соңғы кездері қоғамда шекараны жабу туралы ұсыныстар жиі айтылууда. Ең алдымен, мұндай шешімге баруға мемлекетіміздің халықаралық келісімдері кедергі.

Сонымен қатар біз қолына қару ұстаудан бас тартқан ресейліктерді қабылдай отырып, соғысқа қатысушылардың санын азайтып, осы арқылы еліміздің бейбітшілік үшін үлес қосты деп есептейміз.

Бұл миграциялық дағдарыс әрі қарай әрқилы дамуы мүмкін. Осы орайда, ұлттық мүддемізге қауіп төнетін болса, біздің мемлекеттік органдар қабылданатын тиісті шаралардың бірнеше нұсқасын алдын-ала әзірлеп, кез-келген жағдайға дайын болу керек деп санаймыз.

Құрметпен,  
«Ақ жол» фракциясының  
депутаттары



### АЗАТ ПЕРУАШЕВ РЕСЕЙ СІМ РЕСМИ ӨКІЛІНЕ ЕСКЕРТУ ЖАСАДЫ

Мәжіліс депутаты Азат Перуашев Ресейден Қазақстанның мемлекеттігін құрметтеуді талап етті.

— Ресей СІМ ресми өкілінің (Мария Захарова) Қазақстан мен біздің елімізге қатысты берген түсініктемелер орынсыз және біздің қарым-қатынасымызға сәйкес келмейді. Қазақстан Ресейдің өкілдеріне, тұтастай алғанда Ресей мемлекетіне деген ұстанымына құрметпен қарайды. Саясаттан тыс құрметпен қарайды. Менің білуімше, Бүгін Қазақстан СІМ тиісті мәлімдеме жасады. Жалпы, біз мұндай пікірдің Ресей мен Украина арасында болып жатқан соғыспен байланысты екенін түсінеміз, бірақ Қазақстан ешкіммен соғысып жатқан жоқ. Сондықтан біз өз өкілдерімізді, мемлекеттігімізді құрметтеуді талап етеміз, — деді Перуашев.



«Ақ жол»:

## КӘСІПКЕРЛЕРДЕН ЗАҢСЫЗ АЛЫНҒАН ҚАРЖЫ ИЕЛЕРІНЕ ҚАЙТАРЫЛСЫН

Заңсыз жолмен алынған қаржы мен теміржолдар кәсіпкерлерге қайтарылсын. Бұл туралы «Ақ жол» фракциясының депутаттық сауалын Азат Перуашев жариялады.

ҚР ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ Ә.СМАЙЫЛОВҚА

Жақында Астанада Қайрат Сатыбалдыға қатысты сот процесі аяқталып, сотталушы өз кінәсін мойындап, «КҚО» АҚ-мен (Көліктік қызмет көрсету орталығы) медиациялық келісімге қол қойып, компанияға 28 миллиард теңге шығынды толығымен өтегені белгілі.

Осыған байланысты КҚО жауапкерге ешқандай талап-арыздың жоқтығын мәлімдеді.

Мұның барлығы жақсы, әрине.

Дегенмен, мындаған кәсіпкерлердің КҚО-ның өзіне қатысты шағымдары бар.

Еске салайық, 2017 жылдан бері «Ақ жол» демпартиясы кәсіпкерлермен бірнеше рет ауқымды кездесулер өткізіп, нәтижесінде аталған компанияның заңсыздықтары, яғни, рейдерлік жолмен, заңсыз сот шешімдері мен құжаттарды қолдан жасау арқылы ҚТЖ және жеке кәсіпорындардың кіреберіс жолдарын тартып алғаны туралы төрт депутаттық сауал жолдаған болатын.

Сонымен бірге, КҚО тарифтерді бірден он есеге көтерген, тариф өсімі 118 есе артқаны жағдайлар болған!

Мұндай бопсалау төлемдерін төлеуден бас тартқан кәсіпорындардың вагондарға кіруіне тосқауыл қойылды, нәтижесінде кәсіпорын шикізатты қабылдап, өнімдерін тұтынушыларға жібере алмай қалды, жұмыс толығымен тоқтатылды.

Тауарларды қабылдау мен жөнелтуді қалпына келтіруге әрекеттенген кезде кәсіпорындарға «тоқтап тұрғаны үшін» 80 миллион теңгеден басталатын есепшот берілген.

Бұл заңсыздық элеваторларға, түрлі өндіріс салаларындағы ірі және орта кәсіпорындарға, құрылыс материалдарын, тамақ өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерге, қоймалар мен логистикаға әсер етті.

Бас прокуратураның жуырда жарияланған мәліметтеріне сәйкес, олигополияның мұндай әрекетінен 4 мыңнан астам кәсіпкер зардап шекті.

Бірақ өткен жылдардағы «Ақ жол» фракциясының монополияға қарсы және құқық қорғау органдарына жасаған сауалдарының барлығы «тежеуге тап болып» келген.

Тек 5 жыл өткен соң, Президент Қ.Тоқаевтың биылғы жылдың сәуір айындағы екінші тапсырмасынан кейін Үкімет жауапнағасы демополизаци-ялау комиссиясының тарифтерді 12 есеге төмендетіп, 600-ден астам теміржол рельстерін ҚТЖ меншігіне, яғни, мемлекетке қайтарды, ал КҚО АҚ өзіне, жоғарыда айтылғандай, қыркүйекте 28 миллиард шығын қайтарылды.

Бірақ бұл миллиардтарды аталмыш компания қылмыстық жолмен - бөтеннің теміржол жолдарын басып алу және жеке

кәсіпорындардан бопсалау тарифтері арқылы тапқан.

Осыған байланысты «Ақ жол» демократиялық партиясының парламенттік фракциясы келесіні талап етеді:

1. «КҚО» АҚ кәсіпкерлерден негізсіз жоғары тарифтерді қолданып, 5 жыл ішінде заңсыз өндірілген барлық қаражатты қайтаруға міндеттелсін. Бұл бұрын төленген сомалардың 90%-дан астамы. Қ.Сатыбалдыдан қайтарылған 28 миллиард теңгенің қомақты бөлігі осы сомаларды кәсіпкерлерге төлеуге жұмсалуды керек деп есептейміз.

2. Еске салайық, Конституцияның 6-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасында мемлекеттік және жеке меншік бірдей танылып, қорғалады. Онысыз либералық экономика былай тұрсын, ешбір нарықтық экономиканың болуы мүмкін емес. Сондықтан, заңсыз басып алынған теміржол рельстерін мемлекет меншігіне қайтарумен қатар, КҚО-ның жеке кәсіпорындардан тартып алған теміржол рельстерін де қайтаруын талап етеміз.

Бірақтар жағдайларда бұл Бас прокуратураның араласуының арқасында орын алып отыр, бірақ біз әрбір жеке кәсіпкер сотқа жүгініп, айқын нәрселерді дәлелдемеуі үшін монополиясыздандыру комиссиясының жүйелі шешім қабылдау қажет деп санаймыз.

3. Бұрынғы жеке меншік иелерінен монополиясыздандыру жөніндегі комиссияның жұмысы басталғаннан кейін КҚО оларға бұрын басып алынған қаражатты қайтарып беруді ұсынғанды, бірақ бұл жолдар толығымен бұзылып, пайдалануға жарамсыз болғаны туралы хабарламалар бар, бұл пайдаланған жылдар ішінде КҚО оларға техникалық қызмет көрсетпей, техникалық аяқталғанды сақтамағанды айғақтайды. Бұл бағыттарды қалпына келтіру қомақты инвестицияны қажет етеді. Осыған байланысты, кәсіпкерлер қалпына келтіру жұмыстарына жұмсалған шығындарды өтеуді немесе КҚО оларды бизнестен тартып алған кездегідей жұмысқа жарамды жағдайда заңды иелеріне қайтаруды талап етеді.

Осы мәселелер шешілмей, жеке кәсіпкерлердің заңды мүдделері қорғалмайынша, теміржол инфрақұрылымы саласындағы монополистерге қатысты монополистерден қайтару жөніндегі Үкімет комиссиясының жұмысын аяқталды деп санауға болмайды.

Құрметті министрлер, «А» деп айтқан екенсіздер, енді «Б» деуді де ұмытпаңыздар, жақсы, дұрыс істі сонына дейін жеткізейік.

**Құрметпен,  
«Ақ жол» фракциясының  
депутаттары**



## ЕЛ МЕН ЖЕРДІ САҚТАУ, ТІЛДІ САҚТАУ – ЕҢ БАСТЫ МАҚСАТЫМЫЗ!

**Биылғы күз бірден саяси ыстықпен басталды. Президент пен парламент сайлаулары қашан болады деп елеңдеп жүрген елге нақты жауап берілді.**

Алаш жолын ұстанған «Ақ жол» партиясы ұлттық мүддені қорғау жолында қарқынды қайрат көрсетіп келеді. Алаш көсемі Әлихан Бөкейханның «Бірліктен айырылған ел қаңғып қалады» деген сөзі бар. Бүгінгі алмағайып уақытта, біз үшін ең қажеті – бірлік! Арыстарымыз азаттық жолында саналы түрде құрбандыққа барып, сан жылдар бойы қайрат-жігер, ақыл-парасатымен елдік үшін күресті. Тәуелсіздігіміздің баянды болуы үшін енді бізге ұлт болып ұйысу – ең маңызды міндет. Ұлттық идеологияны қатан жолға қойып, Ұлттық мемлекет ретінде дамытын уақыт жетті!

Бүгінде елімізде Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен тарихи реформалар қарқын алуда. Ұлыларды ұлықтау, ұлт мұратын орындау аясында игі істер атқарылып, халық қажетіне сай жүйелі жұмыстар қолға алынып тиіспіз. Әр қиындықтан сабақ алуға қабілетті. Қасиетті басталған жылды қасиетті істерге, жақсылыққа жалғастырып алып кету елге, сіз бен бізге байланысты.

Бірлігіміздің арқасында тірлігіміз дамып, берекемен – бағымыз арта бергей!

**Ардақты ағайын!**

Біз әртүрлі саяси ұйымның өкілі болсақ та, біздің бағытымыз бен арман-мақсаттарымыз, тілектеріміз бір.

Өйткені біздің қасиетті қара шаңырағымыз бір.

Біз, «Ақ жол» партиясының мүшелері, халық игілігі мен ұлт мүддесіне сай мықты ұстанымы, сенімді стратегиясы бар, Әділетті Қазақстанды құруға батыл бағыт алған тура жолды тандаймыз!

Саяси бағдарламасы «Түбегейлі өзгерістер қажет» деп аталған «Ақ жол» партиясы талай жылдан бері талмай көтеріп келе жатқан көптеген өзекті мәселелер Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың батыл Жолдауында алғаш рет атып көрсетілді. Яғни, саяси жүйе өзгермей, еліміздің алдында тұрған өткір әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешу, нарықтық экономика мен әділетті бәсекелестікті дамыту мүмкін емес екеніне көзіміз жетті. Сол проблемалардың кілті осы саяси реформада жатыр.

Сондықтан да біз, «Ақ жол» партиясы бағдарламасының басым бағыттарына Жолдауда өмірге жолда-



ма берген Президентіміздің саяси реформаларды іске асыруын қолдап, Ақ жол тілейміз.

Қадірлі халайық! Қазір жалпы әлемде халықаралық геосаяси жағдай ұшығып тұр. Көрші елдеріміз отқа оранып, жалын шарпуы бізге де сезілуде. Шақырған қазақ көшіне шектеулер табылып, шақырмаған жаттың көші ағылып жатқанда, шекарамызды берік қымтап, қорғана білуіміз керек. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Ұлттық қауіпсіздік тілімізді қадірлеуден басталады», деп, тура тауып айтқан сөзі бар. Яғни, тілді елді қорғағандай, шекараны қорғағандай қорғауымыз керек.

Туында тұлпар бейнелеген «Ақ жол» партиясының аманаттар жетерлік. Бірақ мұндай тар жол, тайғақ кешкен, елге сын сағаты туған кезеңде ең алдымен жеке бастың есебін немесе бір партияның ұпайын түгендеп отыратын кез емес. Халықаралық жағдай теңіздей толқып тұр қазір. Теңізде дауыл тұрғанда, кемеді капитан ауыстырмайды. Сондықтан біз саяси аламанда қабаттасып шаппай, қанаттасып қолдайық деп шештік.

Бізге қазір ең алдымен керегі – Елдің амандығы – Тәуелсіз Қазақ мемлекетінің тұтастығын сақтау!

Осы мақсатта, біз ақжолдықтар Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевты кандидат депиденттігіне лайықты қандай да бір аманат, бірауыздан қолдаймыз!

«Ақ жол» партиясы қатарындағы қалың елдің, ұйысқан ұлт зиялылары мен кәсібін нәсібіне айналдырған кәсіпкерлердің құрылтайдағы демократиялық жолмен шешілген шешімі осы, ағайын!

Ұлттың рухани ұстазы, биыл ЮНЕСКО бойынша 150 жылдығы әлемдік деңгейде аталып өтіп жатқан Ахмет Байтұрсынұлының осыдан 100

жылдай бұрын айтқан өнегелі өсиеті бар: «Біз басқалардан кем болмау үшін білімді, бай және күшті болуымыз керек. Білімді болу үшін оқу керек, бай болу үшін кәсіп керек, ал күшті болуы үшін бірлік керек»-деген еді.

Дәл қазір бізге осы бір ғасыр бұрын айтылған елге ең қажетті талаптарға сай болатын заман туып тұр!

«Ақ жолдың» ұстанған жолы да осы –білімділеріміз - ұлт зиялыларымыз білімді болу үшін ұлт кәсіпкерлерін қолдап, ел болып Бірлікке шақырамыз.

Ел басына күн туғанда, атам қазақ қашаннан бір тудың астынан табылған. Сондықтан, «Ынтымақ ырысқа бастайды» дегендей, баға жетпес, теңдесі жоқ Тәуелсіздікті сақтап қалу үшін біздің жанд-жаққа тартпай, ең басты ұлттық мүддемізді қорғауда Ұлттық бірлесуге қадам жасайық.

Жер тұтастығы сақтау үшін, ең алдымен Ел тұтастығы керек! Осы мақсатта бүгін парламенттегі үш партия және көптеген қоғамдық-саяси ұйымдар «Қасым-Жомарт Тоқаевты қолдау жөніндегі Халықтық коалицияға бірікті.

«Аманатқа» айналған партия ұлт аманатын орындап, коммунистік атаудан бас тартқан «Халық партиясы» халық сөзін сөйлеп, бәріміз XXI ғасырдағы Алаштың Ақ жолына түсейік!

**ЕЛ МЕН ЖЕРДІ САҚТАУ, ТІЛДІ САҚТАУ – БӘРІМІЗДІҢ ЕҢ БАСТЫ МАҚСАТЫМЫЗ ОСЫ ЕМЕС ПЕ?!**

Ендеше ең басты күрес – Ел Тәуелсіздігін сақтау жолында бірге болайық.

Ел аман, жұрт тыныш болсын!

«Әділетті Қазақстанға» Ақ жол тілейміз!

**Қазыбек ИСА,  
ҚР Парламенті Мәжілісі  
депутаты, «Ақ жол» партиясы  
төрағасының орынбасары**



Түрікмен халқының зиялы қайраткерлерінің бірі ретінде қазақпен етене араласып, осы елдің қоғамдық-саяси өміріне қатысты қызметтер атқарған. Білімі мен алғырлығының арқасында жастайынан Форт-Урицкіде 1907-1912 жылдары орыс мектебіне жіберіліп, кейін Ашхабадта ерлер гимназиясын тәмамдаған. Түрікпен, қазақ, орыс тілдерін жетік меңгерген. Ташкентке он алты жасында земстволық стипендия иегері атанып, мұғалімдер семинариясына оқуға түседі. Оқып жүріп түрікшілдік пен жәдидшілдік идеяларына ден қоя бастайды. Қоғамдық-саяси ортаға әуестеніп, жастардың «Кенес» атты жасырын үйірмесіне мүше болып, Х.Сахатмурадов, И.Теджибаев, А.Рахымбаев секілді шәкірттері ереді. [1]

«Туркетанская правда» газетінің қосымшасы – «Костры» журналының 1923 жылғы №3-4 сандарында көрсетілгендей, бұл ұйымды 1915 жылы сол кездегі семинарист, қазақтың зиялы қайраткері Сұлтанбек Қожанұлы құрған. Асқар Мұстафинның мәліметі бойынша, ұйымға Мұстафа Шоқай идеялық жетекшілік жасаған. [2]

Тағы да айта кететін жайт, ұйым мүшелері Санжар Асфендияровтың әкесінің үйінде жиын өткізіп отырған. «Кенес» атты қолжазба да журнал да шығарған. Демек, Күмісәлі Бөриев мұғалімдер семинариясында өзінің ұлттық сана-сезімін оятып, ұлтшылдық пен ұлттық идеологияға бет бұра бастаған шағы осы кезең. Бұл туралы «Генерал Галкинның жазалаушы экспедициясының жауыздығына, полковник Ивановтың Жизакқа жасаған жорығы, Каспий бойындағы түрікпендерді аяусыз қырғынға ұшыратқан Мадиритовтың қарақшылығына төзу мүмкін еместігін алға тартып, өлтірсе екен деп армандағаны» туралы өз естелігінде нақты келтіріп жазады.

Күмісәлі Бөриев оқуын аяқтағаннан кейін көптеген зиялы қауым өкілдерімен қарым-қатынасын күшейтеді. Өзімен бірге оқыған Х.Сахатмурадов, Түркіменстан Компартиясы (большевиктер) Орталық Комитетінің болашақ хатшысы И.Техбаев, А.Рахымбаев және басқалармен бірге Маңғышлақтағы жерлесі С.Ходжанов жүргізген «Кенес (Кенгеш)» заңсыз үйірмесінің қызметіне белсене араласқан. Олар ұлттық идеяларды таратып, Түркістан автономиясын құруға шақырды. Қазан төңкерісіне дейін де дүниеге келгендіктен, ұлттық буржуазия ғана емес, демократиялық көзқарастағы ұлттық интеллигенцияның бір бөлігі арасында да танымал еді, сондай-ақ аты шулы «Иттифаки» құрамында болған. [3]

Бірінші дүниежүзілік соғыс Күмісәлі Бөриевтің Ташкенттегі семинаристтерге де әсер етеді. Жанындағы орыс курстастары әскерге шақырылады. Бұл кезде Күмісәлі Бөриевтің саяси ойы қалыптаса бастаған шақ. Ол майданға аттанудан да, пропоршиктер мектебіне түсуден де бас тартады. Сөйтіп, семинария директоры Н.П.Остроумов ашуланып, Түркістан генерал-губернаторына оның үстінен шығым түсіріп, жарлыққа



**Ұлттық тарихымызда Алаш қайраткерлерінің орна биік. Қарап отырсақ, олар ел ішінде ғана емес, алыс-жақын шет ел азаматтарымен де тығыз араласқан. Кеңес заманында қазақты сүйеп, демеу көрсеткен өзге ұлт өкілдері де көп еді. Солардың бірі – ұлты түрікпен Күмісәлі Бөриев. Ол 1896 жылы Маңғышлақ уезі, Александровск фортының маңында Қожа ауылында дүниеге келіпті. Қарапайым отбасынан шыққан айтулы тұлға. Өзі уездегі қазақтармен жақсы араласқандықтан жергілікті жұрт іш тартып, «Кемісқали» деп атап кеткен екен. Кейбір деректерде Кумушали Бориоп деп көрсетілген. «Ақ жол» газетінің сандарында өз есімінің бірнеше (К.Б., К.П., Кмушәли, Кмошғали Бөриоп, К.Бөриев, Күмісәлі Бөриев, Күмісәлі Бориоп) бүркеншек мәқалалар жариялап отырған.**

сәйкес Түркістан өлкесінің мектептерінде сабақ беру құқығынан айырылады. Біраз уақыттан кейін ұстазы Толқынбек Аймановтың үйіне барады.

Кейін Күмісәлі Бөриев Ферғана облысы, Қоқанға қоныс аударып, Әндіжан уезінде Сұлтанбек Қожанұлымен тағы табысып, азаттық идеясының арқасында бостандық пен теңдік жолында өз өмірін сарп етуге шешім қабылдайды. Осыдан кейін олар Ақпан төңкерісінің қуна қарсы алып, Орынбордағы «Қазақ» газетіне 1917 жылғы 24 наурызында жеделхат жолдайды: «Қоқан – 21/III. Мың басылыққа кісі керек болса, біз бармыз – Сұлтанбек Қожанұлы, Кумушали Бөриев».

Күмісәлі Бөриев Ақпан төңкерісінен кейін, Ташкент уезіндегі Кенсай ауылында мектепте мұғалімдік қызмет атқарғаннан кейін саяси істерге қызу араласып кетеді.

мақта жалғыз Түркістанда ғана енеді. Түркістанның топырағы жерді қолымен суарғаннан басқа мақтаның бітуіне себеп болатын Түркістанның 7-8 айлық жылдағы ыстық ауасы, сырттан келетін мақтаға хукімет бір пұтына 4 сом 5 тиын бойынша салатын. Бұл мақта істеліп кездеме болып шыққан соң кездеме күйінше мемлекет ішінде жарататын...

Түркістанда соңғы жылдар мақтаның аз егілуіне себеп болған нәрселер бүкіл мемлекеттегі халық шаруашылығының бүліншілігі. Астық жетпей мақтаның орнына астық егілуі, ішкі соғыс хәм басмашылардың шығуы. Ісшілер жетпей жер істелуі хәм жерді қолмен суарудың бұзылуы хәм нашарлауы. Сондықтан бұрынғы жерде бір десятина 100 пұт кейбір жерлерде 200 пұтқа дейін мақта беретін болса бұл күнде бір десятинадан 40 пұттан артық ала алмаймыз. Өткен 20 жыл да егілген мақта 1 миллион 200 десятина барлық егіннің 109 мың десятинасы ғана болған. Бұл жыл хукімет барлық

қанша жіберілгендігі мәлім емес. Басқа барлық бұйымдарды есеп етпей тек 20 жылда Түркістаннан Россияға жіберілген 470 мың пұт жүннің 662 мың пұт теңінің, 400 пұт жібектің бәсіне қарасақ соғыстан ілгері металл (алтын, күміс) ақшамен есеп еткенде 50 миллион сом шамалы болады. Сондықтан Түркістаннан Россияға жіберілетін шикі бұйымдардың саны, сапасы да керектігі хәм бәсі кіндіктен Түркістанға келетін жасалып шыққан бұйымдардан неше рет артық хәм қымбат болса керек.» [5]

Бұл мәліметтерге қарап, Түркістандағы мақта шаруашылығына, егінді суару жұмыстары, аяқты мал шаруашылығы, сонымен қоса Түркістандағы азық – түлік салығының жайын нақты көрсеткен.

Күмісәлі Бөриев «Ақ жол» газетінің 1923 жылы 4-ші желтоқсанында шыққан № 376 санында Күмісәлі Бөриев атты бүркеншек есіммен жариялаған «Кедейлер мұны баспасөз арқылы орындалмақ» атты

# АЛАШТЫ СҮЙГЕН ТҮРІКПЕН

Адал ниетпен жұмыс жасап, істеген ісін тиянақты бітіріп, бауырлас жұрттың арасында зор беделге ие болды. Сондықтан 1917 жылдың шілде айында Орынбор қаласында бірыңғай қазақ съезіне қатысуын ұлт зиялылары бірауыздан қолдайды.

Одан әрі Күмісәлі Бөриев Түркістан автономиясының «Бірлік туы» газетінің төңіріндегі ұлт қайраткерлері Мұстафа Шоқай, Сұлтанбек Қожанұлы, Иса Токтыбайұлы, Шамғалы Сарыбайұлы, Ахмет Мәметұлы мен бірге дәстүрге келмейтін мұсылманшылдықты емес, зайырлы бағытты қолдады. Осылайша идеясын, білімділігі мен асқаттың көптеген санында мақала жариялап, түрлі бағытта талдау жасап, көрсетіп отырған. Әсіресе ауыл шаруашылығы, шаруалардың жағдайы, үкіметтің сан қилы есебіндегі қатені түзеп, халыққа жанашыр бола білген. Өз мақалаларында қазақ пен түрікпен арасындағы қарым-қатынас туралы да мәліметтер келтіреді. «Ақ жол» газетінің 1921 жылы 19 маусым, № 69 санында Күмісәлі Бөриевтің (Күмшәлі Бөриев) есімімен жарыққа шыққан «Түркістан шаруашылығы» атты мақаласында мақта өсіру, Түркістандағы мақта өндірісінің қарқынын мына мәліметтен біле аламыз: «Түркістанда көп егілетін егіннің бірі – мақта. Мақта диханшы халықтардың күн көретін кәсіптерінің зоры. Мақтадан кездеме істеледі. Кездеме жасап шығару істерінде Түркістан мақтасының ұстайтын орны өте зор хәм көптігі де сондай. Россияда

егінді 2 миллион десятинаға жеткізуге хәм мақтаны 145-150 мың десятинаға жеткізуге әрекет етіп жатыр» деп көрсеткен.

Осы мақаланың жалғасы 1921 жылдың 25 маусымында «Ақ жол» газетінің № 71 санында «ТҮРКІСТАН ШАРУАШЫЛЫҒЫ» атты тақырыппен тағы да жариялайды. «Түркістаннан Россияға мақта, жүн, тері, еттен басқа жібекте жіберіледі. 1920 жылы Түркістанда 15 мың пұттан көбірек айырылмаған, тазаланбаған жібек алынған. Россияға 400 пұт шикі істелінбеген жібек жіберілген.

40-50 жылдан бері қарай Қытайдан Түркістанға ауған сұлугендер (Жетісуның тек қана жалғыз Жетісуға бітетіндігі бес алтынға салмақтатып алынатын нәрсе екендігі әркімге белгілі болса керек...

Біз Түркістан шаруашылығында астық, мақта хәм мал шаруашылығында басқа жергілікті еңбекшілердің күн көру кәсіптерінде балықшылық, жер кендерінен өнетін қаншы бұйымдардың (тұз, таскөмір хәм басқалар) күрші егу, бау миуалар хәм ұсақ бақшы егіндерін салу, жатақ халықтардың қолымен кездеме тоқу, темір соғу хәм әр түрлі ыдыста жасаушы қанды орында тұрып, қанша шығарып бітіріп тұратынын қолымызда есеп - мағлұматтар балмағандықтан хәм жергілікті кісі бір қол өнер кәсіптерінің (кездеме тоқу) еш бір таралмағандығынан бұлар туралы мағлұмат берен алмадық. Осы жылда Түркістаннан Россияға балықтың, ет салықтың, кішімштің, кеткен миуаның уақ бақша егіндерінен хәм жанның

мақаласында халыққа баспасөз қызметінің керек екендігін хәне баспасөз құралдары арқылы білім, өнер таратуға мүмкіндік беретіндігі туралы жазған. Әсіресе, оқушыларға үгіт насихат ретінде, одан қала берді күнделікті елдегі жағдайды біліп отыра алатындығын алға тартқан. Газетті саяси тілдің таптырмас құралы болатынын көрсетеді. Мақаладан үзінді: «Газет өзі де хәр уақыт хәр уақытына сынап, өз түсінігін айтып отырады. Оқушыларға ылғи бір түрлі саяси пікірлер таратылып отырғандықтан ой, пікірлерін қосып, саяси жөнінен күшейіп, сол газет жүзінде оқыған уақиғаларына ұқсаған уақиғалар өз тұрмыстарында кездесе қалғанда оларға қарағандай көзбен қарауын күн ілгері біліп отырады.

Газет халықтың, оқушылардың үнемі сөйлеп тұратын тілі болып тұруының себебі: хәр уақыт газет жүзінде халық оқушылар тұрмысының, тіршілігінің кемшіліктері, жетпестері газет жүзінде жазылып, жалпы жұртқа мәлімдеп тұрылады. Кемшіліктерді, жетіспестіктерді құртуға әрекет етіледі. Мемлекет халық жұмысында біреулердің істеген қателерін көріп, басқалар тура жолмен жүру әрекетінде болады.

Газет оқушылардың даусы, тілі деуге болатынының бір себебі: әлеумет тіршілігінде бір халыққа іәки адамға істелетін зиянды істері туралы жазылып айтса, сондай істердің азаюына себеп болады.

Баспасөздің, әсіресе, газеттің өте көп керек жерлерін айтып шетіне шығу қиын. Октябрь төңкерісінен соң өсіп



келе жатқан қазақ — қырғыз баспасөзінің бірі «Ақ жолға» келейік. «Ақ жолдың» шығуына үш жыл толып, 4 жылға айналып барады.

Кенестер хукіметінің арқасымен тұрған «Ақ жолды» қырғыз — қазақ кедейлерінің тілі деп түсіну керек. Қаншама қиындық көрсе де, жаманды, жақсылы мойнындағы қызметін атқарып, «Ақ жол» үш жылды сыртқа салып отыр. Кедейлер мұның орындау үшін тағы да «Ақ жолдың» талай үш жылдар өткізуі кедейлер қолында. Кедейлер «Ақ жолды» өз тілін деп, жәрдем етуде болса, «Ақ жол» тағы да жасап, мойнындағы борышын атқаруына сенеміз» — деп қазақ — қырғыз баспасөзіндегі «Ақ жол» газетінің маңызы туралы сипаттап кетеді.

Күмісәлі Бөриевтің бірнеше мақаласы осы «Ақ жол» газетінің 25 томдық кітаптарында бар. Барлығында емес, газеттің кейбір сандары әлі күнге дейін табылмаған.

1918 жылдың наурыз айында Күмісәлі Бөриев Александровск фортына қайта оралып, азық-түлік комитетінде жұмысқа орналасып, одан әрі барай түрікменстанның Жебелі ауылында мұғалім қызметін атқарды. Азық-түлік комитетінде қызмет еткен шақта «Азық-түлік алымы һәм кооперация» атты мақаласын жариялайды. Алаш қайраткерлерінің негізгі мақсаты қазақ жерінің экономикасына көтеруді еді, және сол жолда тынбастан еңбек етті. Сол заманда Алаш қайраткерлері тек қана қазақтар ғана емес қырғыздар, татарлар да болды. Күмісәлі Бөриевтің ұлты түрікмен болса да, қазаққа жанашырлығы сондай-ақ байқалып тұрғанын аңдаймыз.

Сол кезде жұмыс істеген жаппарбай руынан шыққан Қарашаннның заңгер баласы Николай Николаевич Иомудскиймен тығыз қарым-қатынаста болады. Ұлт мәселелерін бірге бағдарлайды. Халық Николай Иомудскийді «түрікменнің ленині» деп атаған екен. [6]

Түрікменің республикасы тәуелсіздік алар тұста 1920-1924 жылдары Түркістан республикасында халыққа білім беру бөлімінің бастығы;

«Түрікмен елі» журналының редакторы, тәуелсіздік алғаннан кейін 1925-1932 жылдары республикалық өлкетану қоғамының басқарма мүшесі;

Мемлекеттік баспа директорының орынбасары, «Түрікменстан» газетінің жауапты редакторы;

ТКП ОК баспасөз бөлімінің коллегия мүшесі;

Бас ғылыми кеңестің төрағасы;

Жаңа түрікмен әліпбиін енгізу жөніндегі комитет төрағасының орынбасары;

Оқу-ағарту халық комиссары;

Түрікмен Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің және Орталық Атқару Комитетінің мүшесі.

Күмісәлі Бөриев түрікменнің әдеби тілінің дамуына, терминология мен орфографияны түзетуге зор үлесін қосты. Исқағаздарды түрікмен тіліне көшіріп, оқу орындарында түрікмен тілінің оқытылуына көптеген жұмыстар атқарды. Ол: «Түрікменстанның бірінші ғылыми конференциясы»;

«Түрікмен әдеби күйінің жай-күйі»;

«Түрікмен тілі» атты өзекті мақалаларында түрікмен диалектісін есепке алу керектігін көрсетеді.

1927 жылы М.Гелдиевпен бірге «Латын қаріптерінің негізінде түзілген түрікмен әліпбиі»;

1928 жылы «Жаңа әліпбидің емшелері (орфография ережелері) атты кітаптарды жарыққа шығарды;

1928 жылы Германияның Кельн қаласында өткен Халықаралық кітап және басқа да полиграфиялық өнімдер жәрмеңкесіне қатысып, Берлиндегі Азия мұражайының директоры Альберт фон Леккопен танысады;

1929 жылы А.С.Алиевпен бірге «Орыс — түрікмен сөздігін» жасады;

1930 жылы М.Исмаиловпен тізе қосып, түрікменнің жаңа әліпбиіне сүйенген «Колхозшыға арналған әліппе» жариялаған.

Күмісәлі Бөриев зейінді еңбек жолында екі ел арасында көптеген іс атқарды. Қазақ — түрікпен арасын соншама жақындатты. Ардақты тұлғаға айналып, өз ұлтының ғана емес қазақ-қырғыз халықтарының жанашыры атанды. Өзінің аудармашылық, көптеген әдістемелік құралды жасауымен көзге түсіп, қоғамдық-саяси әдебиетті түрікменше сөйлетті.

Алайда, сұм саясат жасаған игі ісін өзіне қарсы қойып, 1932 жылы «Түрікмен азаттығы» атты жасырын ұлтшылдық ұйым басшыларының бірі деген айыппен жауапқа тартылып, 20 наурызда партияның мүшелігінен шығарылады. Алдымен, 1933 жылы 10 мамырындағы үкіммен он жыл лагерьге айдалып, Солловкиге жіберіледі. Күмісәлі Бөриевтің әйелі — Нелли Войцеховна. Бір қызы болған. Жасы — жетіде Аида. Қызы Аиданың күйеуі Қон Тевя Горшевич өз естелігінде әкесінен кейін қалған бүкіл кітаптарын, қолжазбаларын өртеп жібергенін келтіреді. 1969 жылы 26 тамызда Мары қаласынан жазған және КСРО прокуратурасына жолдаған хатын басқа жаққа бұрып жіберген: «Сенің әкең Бөриев Кумушали Түркістан әскери округінің әскери трибуналының 17 шілдеде ақталды. 1958...» деген хат келген...

1937 жылы 9 қазанда «үштіктің» шешімімен «халық жауы» саналған 1111 адамның сапында ату жазасына кесіліп, 27 қазан күні үкім орындалады. Ресми дерек бойынша Карелияның Сандормох орманына жерленеді.

Бұл мақаладағы көптеген мәліметтерді алдағы уақытта архив құжаттарымен толықтырып, зерттеуді қажет етеді. Күмісәлі Бөриевті Алаштың жанашыры десек артық болмас. Қазаққа бір туғандай қызмет еткен дара тұлға ғұмыры дүйім жұрт менің дегімі... Күмісәлі Бөриевтің ғылыми жұмысына негіз болды. Алдағы уақытта репрессия құрбанының есімін жарыққа шығаруға өз үлесімді қосқым келеді.

**Динара СИСЕНОВА,**  
№18 жалпы білім беретін коммуналдық-мемлекеттік мекемесінің тарих пәні мұғалімі  
Жаңаөзен қаласы

## PIKIR



# ӘДІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТ. БІРТҰТАС ҰЛТ. БЕРЕКЕЛІ ҚОҒАМ

## ЖОЛДАУ 2022: БІР ҮМІТ, БІР КҮДІК

**Жолдау жарияланды. Қоғам іші алай-дүлей. Олай болатын жөні де бар. Себебі, бұл Жолдау бұрынғыдан өзгеше. Қадау-қадау ойлар, түсімізге кірмеген бұрылыстар болды. Басқасын қайдам, өз ішімде бір үміт, бір күдік... Себебі, тапсырманы орындауға келгенде Үкімет соңын «сұйылтып» жіберетіні бар емес пе?**

**Бұл ойыма дәлелдің де қажеті жоқ-ау. Себебі, Қасым-Жомарт Тоқаев тоқетерін айтты.**

Отыз жылда жеткен «жетістігімізді» Президент бір ауыз сөзбен-ақ былай сипаттап берді: «...шикізатқа әлі де тәуелдіміз. Еңбек өнімділігі төмен, инновация жеткіліксіз. Ұлттық табыстың игілігін жұрттың бәрі бірдей көріп отырған жоқ» — деді.

«Уф-ф, шындыққа тура қарадық қой», — дедім демімді шығарып.

Сандармен көркем сурет салуға білетін министрліктер бұған не дейді?

Өнім өндіретін өндіріс орындары, зауыт-фабрикалар қайда? Шетелден кіріп жатқан инновациялық технологиялар ше?

Әй, құлқыннан кедергісіз өткен жемқорлықты айтпағанның өзінде еңбекақысын да актамаған ғой бұлар.

Әсілінде, таққа отырып, түк тындырмаған басшысымақтарға алған еңбек-ақыларын еселеп «қайта құстырту» керек секілді.

Ішер ас, киер киіміміздің өзін аттай қалап сырттан алдырып отырсақ, үкіметтің бізге қажеті не? Бұл — Тәуелсіздіктің белгісі емес.

Оны қойшы, жайылымдық жер дауын ушықтырып, ел ішін ыдыратқаны тағы бар.

«Игерілмей жатқан немесе заңсыз берілген жер көлемі 10 миллион гектарға жуықтайды. Үкімет пен әкімдіктер келесі жылдың соңына дейін осы жерлерге қатысты нақты шешім қабылдауға тиіс» — деді Қ.Тоқаев тағы да осы Жолдауында.

Естеріңізде болса, бұл талапты «Сындарлы қоғамдық диалог — Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің

негізі» атты 2019 жылғы Жолдауында қойған еді Президент. Әйткенмен мәселе «сиыр-құйымшақталып» келеді.

Оның да сыры көпке мәлім секілді: қара жердің иесі һәм «киесі» болып отырған Президент жыл басында атаған 180 олигарх екені ақиқат.

Нәтижесінде, ұлан-ғайыр өлкемізден жайылымдық жер таппай ағайынның мал-жаны қонсы қоралау қаңтарылып жатқаны анаура.

Әдеттегідей, жастарды жұмыспен қамту мәселесі Жолдаудың күн тәртібінен түспеді. Бірақ, бұл жолғы ерекшелік, Президент жұмыспен қамтылуы тиіс жастардың санын ашық атады: «Еңбекпен қамтитын түрлі шаралар арқылы келесі жылғы 100 мың жұмысқа орналастыруымыз керек. Жастардың кәсіпкерлік бастамаларына қолдау көрсету жалғасады. Оларға жеңілдетілген тәртіппен жылдық өсімі 2,5 пайыз болатын шағын несие беріледі», — деді. Енді Үкімет бұл санды шығару үшін түрлі «сурет салады», «айла-тәсіл» ойлап табады... (біздің билік ондайға «мәстір» ғой)

Мойындау керек, Жолдаудың «найзағайы» Президенттің төмендегі мына сөзі болды:

— Ұлттық қордың жыл сайынғы инвестициялық табысының 50 пайызын балалардың арнаулы жинақтаушы есепшотына аударуды ұсынамын. Қаржы әр бала он сегіз жасқа толғанға дейін аударылып тұрады, оны мерзімінен бұрын есепшоттан шығарып алуға болмайды. Жинақталған қаржы балалар кәмілет жа-

сына толғаннан кейін олардың баспана немесе білім алуына жұмсалатын болады. Бұл қаржы өскелең ұрпақтың үлкен өмірге қадам басуына мүмкіндік береді. Қор, шын мәнінде, ұлттық мәртебеге ие болып, халқымыздың игілігіне қызмет етеді. Бастаманы мұқият әзірлеу қажеттігін ескере отырып, жобаны 2024 жылғы 1 қаңтардан жүзеге асыра бастауды тапсырамын.

Ендігі мәселе, министрлік Президенттің «мұқият әзірлеу қажет» дегенін ескеріп, «бүйректен сирақ шығармаса» болғаны.

Рас, Жолдауды көріп, қуандым... шын қуанғым келді. Себебі, әдемі «әрленген», көптің өкемі «әрленген» сұрақтар дерлік қамтылған. Әйткенмен, оның орындалуына келгенде үміт пен күдік таразы басын теңеді.

Жә, оны қойшы, басты мәселе, Президент сайлауы болып тұр қазір.

Бұл додада «дүние қалай дөңгелері» белгісіз. Себебі, биліктен «дәмесі барлар» мұндай таптырмас олжадан «құралақан» қалады деу әбестік.

Онда Жолдаудың жайы не болмақ?!.



Кайрат ЖҰМАҒОЖА



Талайдан бері ұлттық өнер мен мәдениет, әдебиет бағытындағы іс-шараларға демеушілік жасап, көпшіліктің алғысына бөленген белгілі меценат Айнұр Жұмашпен жолығуға келе жаттым. Мың өліп, мың тірілген қазақ халқының әр дәуірлерінде білім, ғылым, оқу-ағарту салаларын шексіз қамқорлыққа алып, алғашқы мектептер мен баспа орындарын ашқан, шәкірттер мен мұғалімдерге стипендия тағайындаған, кітап дүкендерін, тігін цехтарын салған, қалалар құрылысына атсалысқан Қосшығұлдың Байкөбі (Баймұхамбет), оның ұлдары Құрманғали мен Бике, Маман байдның ұрпақтары Тұрысбек, Есенқұл, Сейітбаттал... Тәңірберген, Құдайберген... Медеу Оразбайұлы, Сәлімгерей Жантөрин сынды филантроп көпестер, біз біле бермейтін бұдан да өзге көптеген дала кәсіпкерлері еске түседі. Дегенмен, әйелдер арасынан шыққан демеушілеріміз сирек-ау. Тек мектеп салдырып, ауыл-аймақтың мұғалім-молдасын қамқорлыққа алып, жоқ-жітікке күйеуі Есенейдің малын таратып, отызы жасында бүкіл елдің анығына айналған Ұлпан болмаса...

Бүгінде қазақтың қыздары арасынан сол шешеміздің жолын қуған осы Айнұр Аралбайқызы ма екен деп қиялдайсың. Айнұрдың жиырма бес жасында өзі алғаны естіген қатты таңырқағанын еске түсті. Батыр Бауыржанның өзіне тиісті пәтерді солдаттың анасы деп орыстың кемпіріне сыйлағанын оқитын едік. Мұндай мәрттік екінің бірінің қолынан келе қоймайтын шығар. Меценатпен әңгімеміз «осындай ерлікке қалай бардығың» деген сұрақтан басталды.

— Ол әрекетімді ерлік деп санамаппын, — дейді Айнұр. — 2004 жылы Алматы қаласында маған жалғыз басты ана ретінде берілген үй еді. Қарап тұрса, пәтер кезегінде тұрған арасында бір жалғыздық еке бар екен. Әйелі қайтыс болыпты. Өзінің төрт баласы мен марқұм інісінің төрт баласын қосқанда сегіз баланы бағып, жатақхананың он алты шаршы метрлік бір бөлмесінде зорға күнелтіп отырғанын білдім. Мүмкін жаным ашыған шығар. Жалындап тұрған кезім. Амандық болса әлі де алда талай үй алармын деген оймен бергендеймін. Әйткенмен, бұдан кейін менде мемлекет тарапынан үй алатындай мүмкіндік жоқ еді. Бірақ кейін, Құдайға шүкір, жағдайымды біртіндеп жасап алдым ғой.

— Сонау шешіміңізді әуелде қабылдай қоймаған ағайын-туыс кездескен болар.

— Иә, «Неге бересің? Мұның есі тұзу адамның тірлігі емес!» деп қатты ұрысқан да жыр еді. Содан арада он бес жылдай өткенде демеуші ретінде үлкен бір мекемеге жиналысқа қатыстым. Сонда өзім танымайтын бір кісілер алдымнан шығып, айрықша құрметпен қарсы алды. Сөйтсем, сонау жылдары жәрдемдескен әлгі ағай мені ұзақ іздестіріп тауып алған екен. Қысқасы, дүйім жұрттың ортасында жақсылығымды паш етіп, лайықты



сый-сыяпат жасады. Жағдайлары біршама түзелген кез көрінеді. Сонда мерейім өсіп, ерекше сезімге бөлендім. Жалпы, өмірде мұндай да «қызықтар» кездеседі екен.

— Адамгершілік аяқ астынан қасиеттің негізі ғой. Теректен басталатын шығар. Әкешешенің қандай адамдар еді?

— Мен кемпірдің қызы едім. Атам — Жұмаш кезінде колхоз басқарған кісі. Ол дүниеден өткеннен кейін әжем Ұлша ағайын-жұртқа ұйытқы болыпты. Көрші кейуаналар кейін: «Сенің әжендей адамдар сирек жаратылады. Небір қиын кезеңдерде жекжат-жұратқа көп қамқорлық жасап, елді асырады, шарапатын талай көрдік» деп әңгімелеп отыратын. Ұлы анамыз, расында да, ауылда жұмыс болмай, жұрт тұстарда туыстарымызбен қоса

көрші-көлемді де бағыпты. Біздің үйде тай қазан бар екен, бала-шағасымен жиналған ағайындар әжемнің сол ыдысқа пісірген бұйырған дәмі — тары ма, жүгері ме, қандай тамақ болса соның бәрін жеп, айран, сүтін ішіп, кешке өз шанырақтарына конуға ғана баратын көрінеді. Осындай тірлік ұзақ жалғасқан. Мендегі қайырымдылық қасиет қайдан келді дегенде осынау жәйт еске түседі.

Бабамыз Нұрша қасиетті кісі болған дейтін. Ал нағашыларым ишан, молла кісілер екен. Барлығы да әулие саналған текті жандар ма деп топшылаймын. Солардың да ықылас-ниеті дарыған шығар.

Әке-шешем қарапайым адамдар. Әкем — Аралбай, шешем Бибисара. Үлкен шешенің баласы саналғандықтан, ата-анама әлі күнге дейін аға-жеңге есебінде ұйғарғандаймын. Әкем өмір бойы Ақтөбе қала-

сында ВОХР (милицияның ведомстводан тыс әскери күзет қызметі) саласында еңбек етіп, осы орыннан зейнеттік демалысқа шыққан кісі. Анам мектепте жұмыс істеді. Алты бала тапқан. Өзім солардың үлкенімін.

Әке-шешем, жалпы, бар өмірін балаларына арнаған кісілер. Ешкімнің ала жібін аттамаған адал адамдар.

Әжемнің тас емшегін иіткен немересі екенмін. Бүлдіршін шағымда сол үлкен шеше дүниеден өткелі жатқан сәттің өзінде емшегін торсылдатып еміп жатыппын. Қарияның қатты қиналған кезін аңдаған шалдар: «Әй, әкетсеңдерші мына баланы, шешесі қиналып жатыр ғой!» дегенде, әжем тимендер деп ишара жасапты. Сонда әлдекім:

бар. Меніңше, осы сәл жаңсақ ұғым; адам, негізінен, өз-өзін тәрбиелейді.

Класта староста болғанмын. Мектепті 1994 жылы үздік бітірдім. Елдің бәріне мәлім, ол бір аса қиын заман еді. Біздің кезімізде алтын медаль болмады. Сондықтан қызыл аттестатпен тәмамдадым. Сабақты жақсы оқуымның себебі әкемнің қарындасы Сәнімгүл деген тәтеме байланысты болғандай. О кісі ауылдағы кітапхананы басқарды. Сол апайымның арқасында бес-алты жасымнан бастап сондағы барлық кітапты оқыдым десем артық емес. Маркс, Энгельс, Лениннің қатар-қатар тізіліп тұратын орысша, қазақша томдарын «Капиталға» дейін түгел оқыған шығармын. Түсінбесем де оқи беріппін. Кейде қазіргі дәрежеме жетуде сол кезең де ерекше әсер етті ме деген ойдамын.

# А ТҮЙМТАЙ ЖОМАРТ

«Шіркін, тіршілік-ай! Жарық дүниені қайтіп қиярсын!» деп күрсініпті. Мұндайда бір буда қамысты уыстап сындыратын ырым бар дейді. Осыны жасаған кезде қайран әжемнің «ух» деп жаны шыққан екен деген сөз жадымда қалыпты.

Кім білсін, бұл да тегін емес нәрсе шығар.

Әйтеуір, қайырымдылыққа бала кезден бейімделіппін. Титтейімнен-ақ жағдайы төмен үйлердің балаларына тамақ таситыным есімде. Бір уыс күріш, макорон апарамын, білдіртпей, май құйып аламын...

Сөйтіп, үйдегілер азық-түліктің азайып жатқанын байқамай ма. Содан «бұл тамақты кімге, неге тасып жүр» деген сұрақ туындайды. Бір күні әкешешем «ұрлығымның» үстінен түсіп қалды. Сонда көкемнің: «Қызыңнан ерген бес бауырың бар. Біз азықты сендер аш қалмасын деп жинап отырмыз ғой. Ал сен оны сыртқа тасисың. Бұл қалай болады? Ойланғаның жөн» деді.

Ойландым-ау. Алайда «бәрін өзіміз ғана тұтынамыз ба... Анау аш жүрген құрбы-құрдастарым да жесін» деген шешімнен айни алмаппын.

Кейін әлгі қыздардың бірі: «Ұмытқан жоқсың ба, бізге тамақ тасушы едің. Сен келгенде қатты қуанушы едік. Сонда бізді асырап, жанымызды сақтаған бірденің!» деп алғыс сезімін білдірген-ді.

— Қалай болғанда да, қыз баланың жастайынан қайырымдылыққа, меценаттыққа бейімделуі сирек құбылыс сияқты...

— Әсілі, өзімді жасаған өзіммін дей аламын. Өз-өзімді ертеден тәрбиеледі-ау деп ойлаймын. Мысалы, адамды мектепте ұстаз немесе ата-ана тәрбиелейді, қоғам қалыптастырады деген түсінік

— Мінезіңіз қандай?

— Мінез бар менде... Бірақ жынды емеспін. Қызуқандымын. Тек тез қайтамын. Ақылға келемін. Кейде айттып-айтып тастаймын. Бірақ артық кетсем, кейін кешірім сұраймын.

Негізі, адамды ренжіткеннен кейін кешірім сұрау онша қисынды да болмас деген пікірдемін. Өйткені сол кезде біреудің жүрегін қатты жаралап та үлгересің ғой... Сол себептен, біреуден кешірім сұрататындай жағдайға бармаған жөн шығар...

Ешқашан кек сақтамаймын. Ренжіткен кісілерге тамашаймын қарап: «рахмет сіздерге. Өздеріңіздің арқаларыңызда өмір сүріп жатырмын» деп іштей ризалығымды айтып, тірлігімді жалғастыра беремін. Уақытымды пайдаласыз көкпе-наламен текке өткізпек келмейді.

— Кәсіпкер болуды ертеден көкесіңіз бе?

— Әуелден белгілі өмірлік мақсатым болғаны рас. Бірақ жас кезімде өнер адамы болсам деп армандаппын. Әнші де болғым келіп, оқушы кезде эстрадаға ән салдым. Дәрігер болсам да деп те қиялдағанмын. Бірақ ол да орындалмады. Әйткенмен, есесіне, қазір өнер адамдарының арасында жүрмін ғой. Бүгінде көп арманым орындалды деп санаймын.

— Бизнеске қалай келдіңіз?


— Кәсіпкерлікке заманның ағымын әкелтіп не деген пікірдемін. Танкертен кешке дейін бір айлыққа қарап отыру мүмкін емес нәрсе еді ғой.

Одан соң үлкендердің айтуынша, үлкен аталарым Әлімбай, Досмамбет Ұлы Жібек жолы бойында сауда жасаған кісілер көрінеді. Апамның да сондай бір әңгімелерді айтып қалғаны бар. Ендеше бойымда саудагердің де қаны болуы кәдік.

— Еңбегіңіз ақталған, көп-







шілікке жасаған жақсылығыңыз қайтқан секілді. Әйткенмен, заңдары қатал мұндай күрделі бағытта иттік жасаған замандастың кездеспеуі де мүмкін еместей...

— Жалпы, өмірдің көлеңке жағын айтуға құмартпаймын. Кезінде бізде «жамандық айтылмады, тек жақсылық айтылуға тиісті» деген идеология болғаны мәлім. Ал қазір ғаламтор дамыған заманда жаманшылықтың неше атасы айтылып жатқанын көріп жүрміз. Өзім өмірде нені жек көресіз десеніз, сатқындыққа жаным қас. Неге десеніз, бір адамды сатқан кісі ертең Отанын да сатады. Әйелін де, күйеуін де сатады...

Бәрін де кешіре аламын. Бірақ опасыздықты кешіру қиындау шығар.

Егері досымның енді-енді көтеріліп, жағдай жақсарып келе жатқан кезде сатқындық істегені болды. Солайша жан сыздапты. Осыны ғана айта аламын. Кейін өздері «біреулердің бопсалауына көніп, білмей қалдық» деп кінәлерін, тіпті, жұрттың көзінше мойындады...

Қазір өздерін аңда-санда көріп қаламын. Танымайтын адамдай қасымнан өтіп кетеді. Демек, өз қателігін әлі күнге дейін онша түсінбегені.

Ал біреулердің жетістігінді көре алмайтын, аяқтан шалатын жағдайларын ұсақ-түйек деуге болады.

— Күйзелген уақыттарыңыз кездесті ме?

— Жастайымнан психологиялық кітапты көп оқыппын. Соның арқасында жанға батқан ауыр сәттерді ой елегінен өткізіп, жүрекке салмақ салмауға дағдыланған секілдімін. Балғын жас кезде сезімтал, боркеміктеу болыппын. Көңіл бос еді. Жылауық едім деуге болады.

Телевизиялық бағдарлама-



лардан жетім-жесірді көрсем көмейіме өксік тығылып, көз жасым сау ете түсетін. Келе-келе әлгіндей сатқындар жүректі қатайтты. Кезбептен күйзеліске бой алдырған кезім жоқ. Басыма қандай қиындық туса да, жарқын өмірдің әлі алда екеніне сеніп, өз-өзімді камшылаумен жүретін жанмын...

— Елге жасаған жақсылықтың қайтатынын сездіретін ішкі түйсік бола ма?

— Нағашы атам — Оразалының Жасайы деген кісінің қолында болдым. Ұлы Отан соғысының ардагері еді. Со кісімен үлкен бөлмеде ұйықтайтынбыз. Сонда асақал даусы күмбірлеп өмірлік қағидаларын айтатынды. «Бастығы — сатқындық жасама... Елге жасаған жақсылық қалайда саған қайтып келеді!» дейтін-ді.

Шынында да, өмірлік тәжірибеден жасаған әрбір жақсылығың қайтып, ғұмыр-жасыңды ұзартатынын аңдап жүрмін. Жамандық та солай, ол да қайтатын сияқты... Міне, осындай заңдылықты бекем ұстанып алғандаймын.

Әлбетте, істеген игілігімнің

нәтижесін тірі кезімде түгелдей көре алмауым да мүмкін. Бірақ көрсеткен шарапатымның ұрпағымның алдынан шығатынына да сенемін. Және балаларым да соны сезіне деген ойдамын. Айнұр атанып, өз-өзімнен керемет болып жатқан жоқпын деп есептеймін. Алла-тағаланың бергенін елге, жұртқа қайтаруым керек.

Қазір, мәселен, өз басым Парижден түстеніп, Лондоннан кешкі ас ішуіме болар еді. Алайда ондай астамшылыққа бармаймын. Мен Құдай-тағаланың бергенін өзіне қайтарып жүрмін. Болды. Осы ғана.

Бұл бір керемет дүние емес. Маған да беріп жатыр, мен кері үлестіріп жатырмын. Жақай қайтарамай, маған да жақсылық соғалай оралады.

— Абай атамның «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» дегендейін, Хақ- тағалаға шүбәсіз сенетін секілдісіз.

— Құдайға сенемін. Бірақ намаз оқымаймын. Дұғаларым бар. Атам: «Балам, өзінді намазбен шектемей-ақ қой. Онда да көз алдау болмай тұрмайды. Өзінің уақыты бір келеді, сол кезде бастарсың» деген еді...

— Зекет, бітір деген ұғымдарға қалай қарайсыз?

— Тапқан табысымның он пайызын міндетті түрде қайырымдылыққа жұмсап отырамын. Аз алайын, көп алайын, осы қағидамды да бұзған емеспін. Мешіттер салуға жәрдемдестім; пандемия кезінде мұқтаж жандарға үй алып бердім... Оның да қайтарымын көріп отырмыз, табысыңыз емеспіз...

— Жалпы қайырымдылық ісіне қай кезден бастап бел шеше кірісіп едіңіз?

— Он жылдай болды. Дәл қазір осынау уақыт аралығында атқарған ісімнің бәрін жіпке тізгендей санамалап отыру мүмкін емес. Қыруар шаруа атқарылғандай. Әйтеуір, «IMT intelligent micro technologies», «AI production» компанияларының құрылтайшысы ретінде 2020 жылы республикалық Жыл меценаты, «Қайырымдылық керуені конкурстарының жеңімпазы атандым. «Намыс» орденін, сондай-ақ «Ерен еңбегі үшін», «Құрмет белгісі» төсбелгілерін иелендім. Жақында «Ақ жол» партиясы президентінің шешімімен Алаш арыстарының құрметіне орай шығарылған «Қазақ Республикасына — 100 жыл» атты Алтын медалімен марапатталдым.

Еңсерген жұмыстың ішінде лайықты мақтан ететін іс-шаралар бар. Мысалы, Алматыда Айнабұлақ ауданында саябақ ішінде орнатқан Әл-Фараби атамның ескерткішін айрықша атағым келеді. Мүсінші — Тілеуберді Бинашев.

Бұдан соң Райымбек Түкеұлы атамның туралы үлкен кітапқа демеушілік жасадым. Мұны да мақтан етемін. Дайын тұрған ғылыми-зерттеу екен. Шығаруға үш-төрт жыл бойы демеуші табылмапты

Алдында бір түс көргенмін. Райымбек баба түйесіне мініп алған: «Әй, қыз! Не істеп жатсың? Келмейсің бе?!» — деді.

О кісінің басына алғаш 1998 жылы барғанмын. Онда да түсіме кірген-ді. Содан соң-ақ діндеген ойларым орындала бастағанын айқын сезіндім. Арада жиырма бір жыл өткенде түсіме және еніп тұр ғой! Әлгіндей «әй, қыз!..» дегенінде атып түрегелдім. Әлдебір ғайыптың күшімен көрінгенін пайымдаймын. Бірақ не үшін екенін түсіне қоймаймын. Дәл жұма күні еді. Дұғамды оқыған соңдереубасына және келсем, кесендегі көрініс басқаша екен. Бұрынғыдай емес, шырақшы бар дегендей... Әлгі сәтте Алматы қалалық Музейлер бірлестігінің сол кездегі директоры Әнуар Үмбеталиев досым хабарласып шақыра қалды. Оған алдында Алматы қаласының тарихын білетінімді айтқан едім. Түрлі конкурстар ұйымдастырған екен. Бардым. Сөз арасында Райымбек бабамның басынан келе жатқанымды білгенде: «Ойбай, ендеше тура келді! Со кісі туралы бір кітап шығара алмай жүр едік» — деді. Істі бастағандарымен, сан ауауан кедергілерге кезігіп, ұзақ уақыт істің сәті келмей қойыпты. Мен де бірден: «Болды онда!» дедім.

Демек, батыр ата кесенесі басына осы үшін барып тұр екенмін ғой.

Шаруаға кірістім де, бір жарым айдың ішінде «Киелі жердің иесі — Райымбек» деген үлкен кітап жарық көрді. Онда батыр атамның туралы тың деректер бар.

Сол секілді кейбір мешіттер құрылысына қомақты қаржы беріп отырдым. Алматының Жетісу ауданында балаларға арналған домбыра мектебін ашуға жәрдемдестім. Бүгінде бұл орталықта жүзден аса шәкірт үйірмеге тегін қатысып жатыр. Сол орталық ашылғаннан кейін Алматы қаласының барлық аудандарында осындай орындар ашыла бастады. Қала әкімі үлгі қылып айтты.

— Сіздің кейінгі ауқымды ісіңіздің бірі ел ардақтысы Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына орай Алматыдағы «Алатау» дәстүрлі өнер театрында «Алаштың азаттық рухы» халықаралық мүшәйрасына демеушілік жасауыңыз болар?

— Иә, солай шығар.

Өткенде әлеуметтік желіде бір ақын ағамыз: «Ахмет ата, сіз бізді кешірмейсіз-ау!» деп пост жазыпты. Дәл осы ойтты ертеректе менің де басыма келген еді. Неге десеніз, Ахмет Байтұрсынұлының «Ел бүгіншіл, менікі — ертең үшін...» деген әйгілі сөзі бар емес пе. Халықтың жарқын келешегін көксеген ол қазақ балалары білімді болса екен деп өмірін қиған адам ғой!

Дәл қазір ел тағдыры жолында жан жипа қылатын тұлғалар шығар ма еді?! Қайдам. Айту қиын. Ал о кісі сонда билікке жағынып, бас игенде ақталып шығып, аман қалар еді ғой. Бірақ ол ешкімнің аяғына жығылмады. Ұлты үшін жанын берді.

Одан соң өзі: «Кинамайды абақтыға жапқаны, қиын емес дарға асқаны, атқаны. Маған ауыр осылардың бәрінен өз ауылымның иттері үріп, қапқаны» дегеніне, бір жағынан, асқар тұлғаның түбіне өз қазағы жеткен болып тұр емес пе... Мектепте жүргенде-ақ сол тұрғыда толғанған сәттерімде: «Әй, бұ кісінің әруағы кешірмейді-ау бізді!» деп ойлағаным бар. Ұрпақтары кілең өзінің күйкі тірлігін күйттеп майдаланып кеткен деген ой менде баяғыда-ақ болған еді. Әлгі ақын ағамыздың пікірі дөп келді.

Осынау іс-шараға демеушілік жасауым — бірақ кісінің әруағын алдында арылу үшін не істесе болады деген көкейдегі сонау түйінді шешуден туындағандай. Сондай бір күндері белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, ақын Қазыбек Иса ағамызбен жолығып қалдым. О кісі Райымбайтұрсынұлының мерейтойына орай ақындар мүшәйрасын жасасақ деп ұсыныс айтты. «О-о!» — деп бірден келістім. Бұл — Ахмет атамның рухы алдындағы кішкентай бір сыяпатым ба; мен бастасам, іс әрі қарай жалғасар деп ойлады.

— Негізгі мамандығыңыз қандай?

— Негізгі кәсібім — экономист. Сондай-ақ заңгер, психологпін. Экономика және Психология ғылымдарының кандидатымын.

\*\*\*

Біз Айнұр Алілбайқызының істерін сәттілік тіледік.

Қайтып келе жатып Ыбырай Алтынсаринның «Атымтай жомарт» әңгімесі ойға оралады...

Айтпақшы, қазаққа парсы тілінен енген «жомарт» деген сөз «мәрт адам» деген мағына беретін көрінеді.

Құлтолеу МҰҚАШ

(Жалғасы 10-бетте)



(Басы  
8-9-беттерде)

## АТЫМТАЙ ЖОМАРТ АЙНҰР

Былтыр Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, белгілі мүсінші, марқұм Тілеуберді Бинаштың 65 жасқа толған мерейтойына байланысты Алматыда өткен көрмеге Астанадан ҚР Парламента Мәжілісі депутаты, «Ақ жол» партиясы төрағасы Азат Перуашев екеуіміз арнайы барып қатыстық. Сонда әдемі күліп келіп, ақсары қыз амандасты. Тілеуберді ағамыз: «Айнұр қарындасымыз белгілі меценат, үнемі руханиятқа қамқорлық жасап жүреді. Менің Әл-Фараби ескерткішіме де демеуші болған» — деп таныстырды. Айнұр «Сіздерді жақсы танимын сырттарыңыздан. Барлық жазғандарыңызды оқып, сөйлеген сөздеріңізді

Молдағалиев пен Исраил Сапарбайдың «Мен Қазақ қыздарына қайран қалам» деп жырлаған бүкіл қазақ білетін өсем жыры мен әні еске түседі.

Бұндай ерлік ерлердің де өздерінен көп шыға бермейді.

Осындайда еске түседі. 2000-шы жылдары мен осы «Қазақ үні» газетін шығара бастағанда әйгілі қоғам қайраткері, философия ғылымы докторы, профессор Алдан Айтымбетов те «Қазақстан» газетін шығарып жүрді. Екі тілде шыққан екі газет те екі тілдік ортада демократиялық дем беріп, қоғамда үлкен серпіліс туғызғаны белгілі. Екеуім де газетімізді сол кездегі

пәтер жалдап жүріп, жалғыз басты ана ретінде өзіне мемлекеттен берілген екі бөлмелі үйді 8 баласымен жатақхананың бір тар бөлмесінде тұратын, әйелі қайтыс болған жалғыздікті өкеге беріп кеткен ерлігіне қалай таңданбассың?! Ал одан кейін Айнұрға мемлекеттен үй берілмейтіні белгілі еді. Бірақ, қайырымдылықтың қайтарымы ретінде Алла Айнұрға мол дәулет берді...

2020 жылы «Ақ жол» партиясы 1920 жылы 24 тамызда Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Әлімхан Ермековтер бастаған Алаш арыстары айқындап берген Қазақ Елі территориясында «Қазақ Автономиялық республикасы

Өнер мен әдебиеттің  
шын жанашыры

Алматыда «Алаштың азаттық рухы» атты халықаралық мүшәйра мәресіне жетті. Мұнда алыс-жақын жерден келіп, жыр додасына қатысқан ақындар ұлттың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығын әспеттеп, ел тәуелсіздігі мен оның алтын бесігі Алматы қаласын шабыт шалқуының шырқау биігіне көтерді.

Әрине, мұндай мұраты биік шара қомақты қаржысыз жүзеге аспайтыны белгілі. Осы орайда, мүшәйраның қаржылық салмағын бір өзі көтеріп алған қазақ руханиятының жанашыры, белгілі атымтай жомарт Айнұр Жұмашқа алғысымыз шексіз.

Көптеген дәулетті ұйымдар мен жекелеген адамдардың мәдениет пен білімге, өнер мен спортқа қаржы құюға құлықты бола бермейтінін білеміз. Өйткені бұлар нәтижесін ұзақ уақыт күттіретін салалар. Соған қарамастан, ұлт патриоты Айнұр ханым руханиятымызды үнемі қаржылық жағынан қолдаумен келеді. Даңғаз атақ емес, қазақ мәдениетіне шын жаны ашитын жан ғана осындай өрелі іске тәуекел етпек. Берекелі істің басында жүрген Айнұр Жұмашқа толайым табыс тілей отырып, өлең өнеріміз өрлей берсін дегім келеді.

Сөз орайында, осынау дүбірлі іс-шараға тікелей мұрындық болған Қазақстан Республикасы Парламента Мәжілісінің депутаты, ақын Қазыбек Иса мен дарынды ақын Азамат Тасқара бауырларымызға шексіз ризалық сезімімізді білдіреміз. Сондай-ақ осынау игілікті іске лайықты үлес қосқан республикалық «Қазақ үні» газеті ұжымына рахмет айтқымыз келеді.

Абзал БӨКЕН,  
ақынМен қазақ қыздарына  
қайран қалам!  
Руханиятқа қамқор, рухы биік Айнұр

тындап жүрмін» — деп көңілімізді көтеріп қойды.

Содан биыл көктемде Астанада бір шайханада тағы да жолығып қалдық. Әйгілі әнші Майра Илиясова екеуі отыр екен. Сол жерде әңгіме үстінде Айнұрдың өзі рухани жобаларға демеуші болғысы келетінін айтып қалды. Біз Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына мүшәйра өткізуді жоспарлап жүргенбіз. Сол ойымды айтып едім, Айнұр бірден қуана келісе кетті.

Содан бұл жоба мын сан жұмыстармен менің есімнен шығып кете берді де, үнемі Айнұрдың өзі хабарласып жүрді. Ақыры Алматыға барғанда кездесіп, түпкілікті бір шешімге келіп, республикалық мүшәйра хабарландыруын «Қазақ үні» ұлттық порталында жарияладық. 150-ге жуық ақындардың ішінде шетелдерден де, Қытай, Моңғолия, Өзбекстан елдерінен де өкілдер қатысып, мүшәйрамыз Халықаралық мүшәйра деңгейіне көтеріліп кетті.

Мүшәйраға Qazaquni.kz ақпарат агенттігі Бас редакторы, дарынды ақын, «Дартын» мемлекеттік жарындар сыйлығының лауреаты Азамат Тасқараұлы да көп еңбек сіңірді.

Қай салада да жетістікке жеткен адамдарды көре алмай, сыртынан сөз айтатындар да кездесіп жатады. Сол секілді маған Айнұр туралы, Айнұрға мен туралы ұнамсыз әңгіме айтқандар да болды. Бірақ алты жыл мұғалім болған педагогикалық-психологиялық тәжірибем мен ақындық-суретшілік түйсігіммен Айнұр туралы ешқандай бөтен ойға бой алдырған жоқпын. Шынында да, сенімім алдамапты. Республикалық «Қазақ үні» газеті мен Qazaquni.kz ұлттық порталы ұйымдастырған, жалпы жүлделік қоры мен ұйымдастырушылық қаржысы 10 миллион теңгеден асатын Халықаралық мүшәйраны қазақтың аймандай қызы Айнұр Жұмаш бір өзі толық қаржыландырып, ол басқаратын продюсерлік орталық өте жоғары деңгейде өткізді. Жыр жұлдызы Исраил Сапарбай төрағалық еткен мүшәйрада жүзден жүйрік шыққан жыр дүлдүлдері дүрілдетіп өлең оқып, ән жұлдыздары Роза Ғымбаева, Майра Илиясовалар бастаған әйгілі әншілер ән шырқады.

Мүшәйра жырларының жеке кітап болып шығуына да демеушілік жасайын деп отырған Айнұр осындай мүшәйраларды жыл сайын ұйымдастырып отыруды ұсынауда.

Қазақтың қарапайым қызы, рухы биік Айнұрдың руханиятқа осындай қайрат танытқан Атымтай жомарттығына қарап отырып, әйгілі тарландар Жұбан



белгілі жазушы Ырым Кененбаев басқаратын Алматы қалалық «Болашақ» баспаханасынан шығарамыз. Басқа баспаханалар қымбат. Ал марқұм Ырым ағамыз біздерге көп жеңілдік жасайтын. Сол кезде түстік ішіп, әңгімелесеміз. Алдекеннің түстігі қою қызыл қарашай мен қара нан және шұжық. Алдан ағамыз бірде басынан өтіп жатқан, екеуімізге де ортақ қиындықты айтты. Газет шығару үшін де қаламыңды де бармаған жері, баспаған тауы қалмапты. Қалталы байлардың талайының есігін тоздырыпты. Тіпті, «ҚазКоммерцБанк» төрағасы, миллиардер Нұржан Суханбердинге де барыпты несие сұрап. Демеушілік жасамақ түгілі, несие де бермей қайтарыпты. Қазақ руханияты үшін қаһармандық танытып, газет шығарып жүрген қайсар қайраткер Алдан ағамыз ақырында әйелінің барлық алтын-күміс жүзіктерін ломбардқа өткізіп жіберіп, қайтып қайтара алмай қалыпты...

Әйтеуір бірде Қызылорда облысын басқарып тұрғанда белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Бердібек Сапарбаевтың азаматтық жасаған көмегімен газетке офис үшін орталықтан алып алған төрт бөлмелі үйін көрсетіп, риза болғаны бар еді...

Қазақтың қазынасы мен бар байлығын иеленіп алғандар қазақ руханиятына тамшыдай болса да, көмек берудің орнына теріс айналып кеткеніне, ал адал еңбек, маңдай терімен қаржылы кәсіпкерге айналған қазақ қызының ұлт мәдениетіне қамқорлық жасап жүргеніне қарап отырып ой түйеді екенсің...

Бұл жерде бар мәселе Айнұр ұлттық тәрбиені көріп, текті әулетте, киелі топырақта өмірге келген еді. Айнұр қасиетті қазақ тілінде тәрбиеленген де, қайырымсыз қалалық қалталылар орыс тілінде тәрбиеленген де ойлап, мәселенің мәнісі осында жатқан болар деп топшылайсың.

Тіпті, Айнұр 2004 жылы Алматыда өзі

құрылғанының 100 жылдығына арнап, «Қазақ Республикасына 100 жыл» атты Алаш арыстарының құрметіне арналған Алтын медаль шығарды.

Бұл медальмен ұлттық мүддені қорғау мен Алаш идеясын насихаттауға ерекше еңбек сіңірген ерлер марапатталады.

Биыл 12 шілдеде бұл медальды 80 жасын тойлаған әлемге әйгілі ақын ақын, ұлттық мүддені мен тіл құресінің көсемі, ұлттық Шадхановтың тапсырып едік Отырарда. Әлемнің жүздеген жүлдесыйлықтары мен марапаттарын алса да, мемлекеттің медаль-ордендерінен қашып жүретін Мұқан Қазақстанда өмірінде екі-ақ медаль таққан болар кеудесіне! Біріншісі - киелі Ұлытауда Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың өз қолымен таққан Еңбек Ерінің Алтын Жұлдызы! Екіншісі - қасиетті Отырарда Қазыбек Иса таққан «Ақ жол» шығарған Алаштың Алтын медалы!

Жақында Алаш жолын ұстанған «Ақ жол» партиясы президиумының шешімімен Алаштың рухани көсемі, Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының ЮНЕСКО көлемінде әлем бойынша аталып өткен мерейтойына және Тәуелсіздік бесігі Алматы қаласына арналған «Алаштың Азаттық рухы» атты Халықаралық мүшәйрасына демеуші болып, сәтті ұйымдастырғаны үшін меценат Айнұр Жұмаш Алаштың Алтын медалымен марапатталды.

Айнұр қарындасымыздың 15 қазанда туған күні!

18 жас және бірнеше жасқа толып отыр. Туған күнің қарсаңында Алаштың Алтын медалымен марапатталуың құтты болсын Айнұр Аралбайқызы!

Алла жар болып, Жұлдызың жарқырай берсін!

Әрдайым Ақ жол тілейміз!

Қазыбек ИСА,  
ақын, ҚР Парламента Мәжілісі  
депутаты, «Ақ жол» партиясы  
төрағасы орынбасары

«Алаштың азаттық рухы»  
халықаралық мүшәйрасы  
өз мәресіне жетті

Биыл ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толып отыр. Алаш мұраты жолында талай тар жол, тайғақ кешуден өткен халқымыздың ұлы перзенті Аханның мерейтойын еліміз ерекше атап өтуде. Осыған байланысты, «Ai production» продюсерлік компаниясы мен «Қазақ үні» газеті мен ақпарат агенттігінің редакциясы бірлесіп халықаралық жыр мүшәйрасының жариялаған болатын.

Алматыдағы «Алатау» дәстүрлі өнер театрында «Алаштың азаттық рухы» халықаралық мүшәйрасының қорытындысы шығарылды.

Салтанатты марапаттау рәсіміне есімі елге танымал өнер қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері қатысты. Ұлт ұстазын ұлықтауға арналған игі шара қазақтың рухына қатысты, белгілі меценат-кәсіпкер Айнұр Жұмаштың толық қаржылай қолдауы арқасында жүзеге асты.

Мүшәйраға сонау Өзбекстаннан келіп қатысқан ақын Наурызбай Жарбосынұлы әдебиет пен өнерге үлкен қамқорлық жасаған Айнұр ханымның еңбегіне дән риза болып, сахнада жалынды жыр шумқартырып да арнағаны көпшілікті тәнті етті:

«Күн дүрлеп,  
Гүлдегені айдың рас,  
Мен-дағы Алатауға жайдым құлаш.  
...Ай келбетті екен ғой,  
Күн сәулелі,  
Қазақтың әйбат қызы —  
Айнұр Жұмаш».

Мүшәйраның мақсаты — қазақ тарихындағы тәу етер Тәуелсіздіктің баға жетпес маңызы мен Алаштың рухани көсемі, Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына арнап және Азаттық ордасы — Алматы қаласының тарихи рөлін, сәулеті мен көрік-келбетін, әлеуметтік маңызын, мәдени құндылығын, экономикалық дамуын, қала тұрғындарының парасаттылығын оқырман қауымға поэзия тілімен жеткізу.

## Мүшәйра қортындысы:

Бас жүлде — Әлібек Шегебай. Бірінші орын — Алмас Ахметбекұлы. Екінші орын — Аманғазы Кәріпжан, Кәдірбек Құныпияұлы. Үшінші орын — Абзал Бөкен, Сұраған Рахметұлы, Сұлтан Жарқынбекұлы. Арнаулы сыйлықтар — Қорғанбек Аманжол, Қайырбек Шағар, Марлен Ғылымхан, Әли Ермек, Наурызбай Жарбосынұлы, Алтынбек Елемесұлы, Ақылбек Шаяхмет, Роза Сейілхан, Мағиза Құнапия, Жомарт Игіман, Иманғазы Нұрахметұлы.



Нынешние выборы президента в Казахстане пройдут в самых экстремальных геополитических условиях за последние десятилетия – в условиях крупномасштабной войны в Украине, санкционной войны Запада против России и Беларусь, реформирования прежней системы международных отношений.

# К.ТОКАЕВ ВЫДВИГАЕТСЯ ОТ НАРОДНОЙ КОАЛИЦИИ

**К.ТОКАЕВ  
ВЫДВИГАЕТСЯ ОТ  
НАРОДНОЙ КОАЛИЦИИ**

5 октября президент К.Токаев сообщил, что пойдет на выборы не от какой-то конкретной организации, а от широкой коалиции общественно-политических сил. Действительно, ряд общественно-политических сил выдвинул Касым-Жомарта Токаева кандидатом на предстоящие выборы президента РК. В их числе республиканское общественное объединение «Организация ветеранов», Национальная волонтерская сеть, Гражданский альянс Казахстана, молодежное объединение «Qazaqstan Team», Казахстанский союз спортсменов, объединение депутатов маслихатов, «Совет генералов» и Ассоциация ветеранов войны в Афганистане и др.

Как сказал председатель центрального совета «Организации ветеранов» Бактыжожа Измухаметов, «Нам нужна политическая личность, которая в нынешнее время хорошо понимает условия мировой политики, может принимать смелые решения, когда это необходимо. Касым-Жомарт Токаев – сильный политик. Уверены, что его высококвалифицированный, признанный международным сообществом опыт и знания приведут страну к новым вершинам».

В четверг, 6 октября, три парламентские партии – «Amanat», Демократическая партия «Ак жол», Народная партия Казахстана – на своих съездах выдвинули кандидатуру на внеочередные выборы президента. Лидер «Amanat» Ерлан Кошанов сообщил, что для выдвижения Токаева создана народная коалиция политических партий и общественных объединений в его поддержку.

И 6 октября народная коалиция выдвинула Токаева кандидатом. Она включила в себя все три входящие в парламент партии и около трех десятков общественных организаций и движений.

Поэтому Касым-Жомарт Токаев отметил, что «коалиция охватывает все социальные слои», и согласился баллотироваться в президенты Казахстана от этой народной коалиции.

«Глава государства не должен отдавать приоритет ни одной партии, должен быть политически нейтральным», – заявил Токаев на форуме народной коалиции в поддержку его кандидатуры.

Президент повторил свои обещания из Послания народу Казахстана и пообещал представить в ближайшее время предвыборную программу, «в которой найдут свое отражение меры по всесторонней трансформации страны, повышению благосостояния граждан».

**НА ВЫБОРНОМ  
ФРОНТЕ – ЗАТИШЬЕ**

НПК и «Ак жол» не выдвинули своих кандидатов в президенты, а выдвинули действующего президента. В отличие от них 30 сентября партия «Ауыл» первой выдвинула своего кандидата на пост президента Казахстана. Им стал Жигули Дайрабаев. И Общенациональная социал-демократическая партия выдвинула второго кандидата в президенты Казахстана. В выборах будет уча-



ствовать Нурлан Ауесбаев. Кстати, Центризбирком уже принял документы Жигули Дайрабаева и Нурлана Ауесбаева в качестве кандидатов на внеочередных президентских выборах.

После них был выдвинут третий кандидат в президенты РК. Им стал Мейрам Кажыкен. Мейрам Кажыкен выдвинут кандидатом в президенты от содружества профсоюзов Казахстана «Аманат». Мейраму Кажыкену – 61 год, он уроженец Павлодарской области. Доктор экономических наук, профессор, директор Института исследований современной группы по созданию партии Yntymaq. В разные годы он работал советником акима Павлодарской области, главным специалистом управления экономики Павлодарской области, начальником отдела Агентства РК по стратегическому планированию и реформам. Также он работал в высшей школе экономики международного университета «Астана», был директором ТОО «Институт исследований современного общества».

Более-менее известным из этих трех кандидатов является Мейрам Кажыкен, но двое первых представляют партии – в преддверии весенних парламентских выборов в следующем году это хороший политический ход, который даст возможность ознакомить избирателей с программами и т.д.

Выборы президента интересны не только финальным забегом претендентов на пост. Эти выборы по идее должны выявить настоящих политических лидеров страны, в том числе и будущих, не говоря о партийных лидерах и партийном имидже. В стране немало достойных и неравнодушных к своей Родине людей, для кого благосостояние



граждан, их свобода и развитие, в также независимость и суверенитет страны стоят выше собственных интересов. Поэтому желательно участие реальных и сильных конкурентов, и выборы должны выявить новых политических менеджеров.



Выдвижение кандидатов на должность главы государства в Казахстане продлится до 11 октября.

Хотя было немало заявлений от известных лиц об участии в выборах президента, но реальных выдвижений от организаций или партий мало. Осталось очень мало кандидатов, но до сих пор нет кандидатов от оппозиции. Недавно общественный деятель и предприниматель Арман Шураев предложил выдвинуть в качестве единого кандидата Ермурата Бапи, руководителя издания DAT, журналиста,



общественного деятеля, члена Национального курултая при президенте Республики Казахстан. Однако пока его не выдвинула партия или общественная организация.

Ныне после референдума и политических реформ пришло время для развития политической культуры, появления новых политических лидеров и партий. И возвращать их нужно уже сегодня, а выборы президента дают такую хорошую возможность, где должна быть предвыборная борьба за голоса избирателей, и усилить ее участников должны быть сосредоточены на работе с электоратом.

**КОРНИ ДОСРОЧНЫХ  
ВЫБОРОВ – В ЯНВАРСКИХ  
СОБЫТИЯХ**

В этих выборах важную роль сыграет возвращение К.Токаевым графы «против всех» в избирательные бюллетени, которая даст возможность учитывать градус недовольства избирателей кандидатами. И оппозиционным кандидатам важно забыть голоса тех, которые готовы голосовать «против всех» и выйти хотя на 2-е место, чтобы показать себя более или менее популярными фигурами.

Конечно, в нынешних выборах необходимо учитывать Январские события, контекст государственного заговора, чтобы не допустить самой возможности реванша тех сил, которые участвовали в этих событиях. Возможно, поэтому (пока) нет кандидатов от «старого» Казахстана.

Хотя в стране идет национальное примирение и объявленная президентом амнистия участников Январских событий, в обществе пришло понимание огромной опасности для государства «синдрома» заговора и мятежа. Люди хотят, чтобы эти события не повторились, для чего необходимо убрать законодательную основу тех событий.

Поэтапно, без резких движений и популизма, грамотно, обдуманно Касым-Жомарт Токаев «демонтирует» «наследие» первого президента. Отменено пожизненное председательство Назарбаева в Совбезе и Ассамблее народа Казахстана. Также отменена норма, предусматривавшая согласование содержания законодательных инициатив с Назарбаевым. И из Конституции исключили пункт о статусе и полномочиях первого президента.

Здесь надо отметить, что президент Токаев «демонтирует» не только родственников и близких людей первого президента. Глава

государства идет дальше этого. Чтобы не было «семейного клана» во власти и экономике, Токаев законодательно убрал саму возможность nepoтuзмa.

Президент является политиком. И каждый политик априори думает над тем, чтобы опередить своих соперников. Это абсолютно нормальное правило политической игры. Ждать от президента «помощи» своим оппонентам – это наивность и инфантилизм. Уже в начале Январских событий глава государства заявил политической оппозиции, что «власть не падет». Поэтому упрекать, что выборы назначены раньше времени, это непонимание правил политики. Корни досрочных выборов президента – в Январских событиях. А также – в изменившейся геополитической ситуации.

Токаев ищет лучшие пути для своего президентства в контексте «заговора», и он его не только нашел, но и успешно идет по нему. Проведение референдума, создание Национального курултая, амнистия участников Январских событий, проведение досрочных выборов президента...

Поэтому председатель партии «Amanat» Ерлан Кошанов, предлагая в качестве кандидата в президенты Касым-Жомарта Токаева, напрямую связывает нынешние выборы с Январем: «Наш лидер в самый сложный для народа период взял на себя всю ответственность, сохранил государственность, не дав стране погрузиться в хаос. Поэтому сегодня задача истории Amanat и наша с вами историческая ответственность – объединить всех казахстанцев вокруг прогрессивных реформ президента».

Между тем сам глава государства ездит по регионам, встречается с гражданами и проводит активную международную программу. Это можно рассматривать и как ежедневную работу, и как старт предвыборной кампании. Он принял участие в саммите ШОС в Самарканде, выступил на 77-й сессии Генассамблеи ООН, готовится принять саммит «Центральная Азия–Россия» 14 октября. В этот же день в Астане состоится заседание Совета глав СТОГ. Запланированы также двусторонние переговоры с президентом РФ Владимиром Путиным. Ожидается визит турецкого лидера Реджепа Тайипа Эрдогана. Не забыта и внутренняя повестка. За последние дни Касым-Жомарт Токаев посетил четыре региона – Туркестан, Шымкент, Семей, Павлодар.



Автор Orda.kz, кандидат исторических наук Асылбек Бисенбаев обратил внимание на одну из самых стабильных тем, которую не забывали упомянуть ни в одном из Посланий народу казахстанские президенты. Речь идёт о казахском языке. Уже который год выделяются проблемы: с одной стороны нужно развивать казахский язык, с другой – нельзя препятствовать русскому языку.

# ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ЯЗЫК ДОЛЖЕН БЫТЬ ОДИН

